БЕЙСЕНБІ №33 (4427)
28.03.2024

AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ТЕҢІЗДЕН ТАМШЫ ҚАЗАҚҚА БҰЙЫРА МА?

Қазақстанда Теңіз кен орнындағы «Келешек кеңею жобасының» шығыны 50 миллиард долларға жуықтап қалды. Бастапқыда шетелдік инвестор оның құны 12 миллиард доллардай ғана болатынына сендірген. Салдарынан, сарапшылардың айтуынша, бұл кен орнынан қосымша өндірілетін мұнайдың бәрі оның шығынын өтеуге ғана жетуі мүмкін.

ҮШ РЕТ ШЕГІНГЕН ЖОБА

Ресми мәлімет бойынша, Қазақстанда қазіргі уақытта 104 мұнай-газ компаниясы 295 кен орнын игеріп жатыр. Алайда соның ішінде тек үшеуі аса ірі саналады. Атап айтқанда, дүниежүзінде бар қырық шақты ғана жаһандық «супергигант» (supergiant) кен орны қатарына кіретін Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған республикада өндірілетін бүкіл қара алтынның 60-70%-ын береді.

Соның ішінде Теңіз кен орны бірінші болып, қарқынды өндіріле бастады. Бұрынғы билік мұны – «ғасыр жобасы», ал 1992 жылы оған тартылған американдық «Шеврон» компаниясын – Қазақстанның шетелдік ірі инвесторларының тұңғышы деп мақтан тұтты. Енді ше?

Энергетика министрлігінің мәліметінше, Теңіз жобасы түгесілуге таяды, тиісінше, ондағы «Келешек кеңею жобасы» (ККЖ) – осы аса ірі жобаның аяқтау сатысы саналады. Алып кен орнындағы мұнай өндірісін арттыру үшін қос жоба – аталған ККЖ және «сағалық қысымды басқару жобасы» (СҚБЖ) қолға алынды. 2022 жылы әріптестер жобаның жаңартылған құны мен графигін мақұлдаған еді. Сонда ККЖ-ның жалпы құны 46,7 миллиард долларды құраған. Жұмыстың жалпы ілгерілеуі 98,8%-ға бағаланды.

(Жалғасы 3-бетте)

ПРЕЗИДЕНТ БОАО АЗИЯ ФОРУМЫНА ҚАТЫСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Боао Азия форумының сессиясына қатысу үшін 28-29 наурыз күндері Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Президент бұл елде Боао Азия форумының сессиясына қатысады. Сондай-ақ ҚХР басшылығымен халықаралық ұйымдардың және Қытайдың ірі компанияның жетекшісімен бірқатар кездесу өткізеді деп жоспарланып отыр.

Анар ФАЗЫЛЖАН:

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ТІЛІМІЗДЕН ІЗДЕГЕН ЖӨН

15 наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өткен болатын. Биылғы жиында жалпыұлттық құндылықтар, елдік сана, мемлекеттік мүдде жайында көбірек мәселе қозғалып, ұсыныс-пікірлер талқыға салынды. Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Анар Фазылжанды әңгімеге тартқан едік.

– Анар Мұратқызы, таяуда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік идеологияны орнықтыруда зиялы қауымның, ғалымдардың айрықша рөл атқаратынын айтты. Осыған қатысты ойыңызды білсек деп едік?

– Өткен құрылтайда Президент біздің қоғамымыздың рухани саламаттылығын сақтау үшін қажетті аса маңызды мәселелерді көтерді. Оның ішінде есірткіге, лудоманияға қарсы, жасөспірімдер арасындағы әлімжеттік, отбасындағы қатыгездікпен күрес сияқты қоғамды мазалап отырған мәселелер бар. Бұлардың барлығының шешімі жалпыұлттық құндылықтарды нығайту мен күшейтуде жатыр. Енді осы «жалпыұлттық құндылықтар дегеніміз не?» деген сауалға тілтанушы көзқарасы тұрғысынан нақты, бейнелі жауап беруге тырысып көрейік. Мәселен, бөлмеге үлкен кісі кіріп келді делік, егер сіз төрде отырсаңыз, орныңызды бересіз. Сізді мұндай әрекет, қимыл-қозғалысқа итермелеп тұрған не? Ол – қазақ тіліндегі «төр» деген сөздің мағынасын білуіңіз, астарындағы мазмұнды түсінуіңіз. Егер қазақ тілін, ондағы «төр» деген сөздің мағынасын, төрде жасы үлкен, қадірлі ақсақалдың отыратыны туралы мәліметті білмесеңіз, онда сіз мұндай қимыл-қозғалыстарды жасамайтын едіңіз. Яғни, бұл жердегі жасы үлкен кісіні сыйлау, құрметтеу деген құндылықты қазақ халқы «төр», «ақсақал», «үлкенге төрден орын беру», «төрде отыру» сияқты тағы басқа осындай тілдік бірліктердің мазмұнына сақтап қойған.

(Жалғасы 5-бетте)

АГРОӨНЕРКӘСІПТІ ДАМЫТУ – БАСТЫ НАЗАРДА

4 БЕТ

Елімізде өнеркәсіп кешенін дамыту – басты мәселенің бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл мен агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте ауыл халқының 85%-ы тұратын тірек ауылдарды дамыту аса қажет екендігін атап өткен болатын.

ШҰБАТТАН ШИПАЛЫ СУСЫН ЖАСАҒАН

8 БЕТ

Атыраулық ғалымның қант диабетіне шалдыққан науқастарға арналған шипалы сусыны өндіріске шығады. Өнім Маңғыстау облысында орналасқан AGARGAN ЖШС мен «Ғылым қорының» бірлесе қаржыландыруының нәтижесінде өндіріске шығарылатын болады.

ҮНДЕМЕС АУРУ ҮМІТТІ ҮЗІП ТҰР

Қазіргі қоғамда қатерлі ісік қаупі өршіп барады. Әсіресе, экологиялық ахуалы асқынған Сыр өңірінде онкологиялық аурулардың көрсеткіші оң нәтиже бермей тұр.

7 ▸▸

ЖЕМҚОРЛАРҒА КЕШІРІМ БОЛМАУЫ КЕРЕК

Жемқорларды заңмен жазалағанда аяушылық болмау керек. Соның ішінде мүлкін тәркілеу жағы елімізде әлсіз болып тұр. Осы кемшілік олардың жазасын түрлі жолдармен тез өтеп шығып, одан әрі шалқып өмір сүруіне мүмкіндік беріп отыр. Сарапшылар оны қатаңдатудың тиімді жолдарын ұсынады.

6 ▸▸

ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ДАМИ БЕРМЕК

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Қазақстан Парламентінің делегациясы Женевада өткен Парламентаралық Одақтың 148-ші Ассамблеясының кезекті отырысына қатысты.



Мәжіліс Спикері өз сөзін жуырда Мәскеу облысында болған террорлық шабуылға байланысты Ресей халқына көңіл айтудан бастады.

Ерлан Қошанов Парламентаралық Одақ Ассамблеясында сөйлеген сөзінде «Парламенттік дипломатия: бейбітшілік пен өзара түсіністік жолында байланыс орнату» атты кездесу тақырыбының өзектілігі айрықша екенін атап өтті.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Қазақстан орнықты дамуға және бүкіл адамзаттың үйлесімді болашағын қалыптастыруға өз үлесін қосып келеді. Оған, әсіресе соңғы жылдары елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформалар айқын дәлел. Қазір демократиялық ел, әділетті Қазақстан құру үшін барлық жағдай жасалған. Бұл – бейбітшілік пен өркендеудің кепілі. Қазақстан Парламенті де бұл жұмысқа белсене атсалысуда. Бұдан бөлек, еліміздің ядролық, химиялық және биологиялық қаруға қарсы бастамаларын, тұрақты түрде өткізіліп келетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін ерекше атап өтуге болады, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарын ілгерілетуге бүкіл әлем парламенттерінің қатысуының маңыздылығына назар аударып, Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму жөніндегі өңірлік орталығын құру бағытындағы жоспарлары туралы айтты. Сондай-ақ Орталық Азия елдері әйелдерінің диалогі мен TechnoWomen Central Asia қоғамдастығы алаңдарында өткізілетін гендерлік жұмысқа жеке тоқталды.

– Депутаттар халықаралық жанжалдардың алдын алу және оларды реттеу үшін парламенттік дипломатия тетіктерін қолдану маңызды екенін құптайды. Жақында біз Парламентте Қазақстанның бітімгершілік контингентін Голан асуларына жіберу жөніндегі шешімді мақұлдадық. Бұл – Біріккен Ұлттар Ұйымының мандаты бойынша біздің бітімгерлеріміздің алғашқы дербес миссиясы. Бұл Қазақстанның жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа қосқан үлесі деп білеміз, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы халықаралық көлік-логистика ынтымақтастығын дамыту жөнінде ұсыныс айтып, Қазақстан бүкіл Еуразия құрлығы бойынша трансконтиненталдық тасымалдарды әртараптандыру бағытында тынымсыз жұмыс істеп жатқанына назар аударды. Осы орайда, Орта дәліздің нақты құқықтық режимін құрудың маңызы ерекше.

Мәжіліс Спикері азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының жұмысын мысал ете отырып, азық-түлік қауіпсіздігі мәселелеріне мән берді. Су ресурстарын тиімді пайдалану туралы айта келе, Мәжіліс Төрағасы Қазақстан мен Франция Президенттерінің бастамасымен Нью-Йоркте One Water саммиті өтетінін және 2026 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Өңірлік климаттық саммит өткізуді жоспарлап отырғанын айтты.

Парламентаралық Одақ Ассамблеясы аясында Ерлан Қошанов Парламентаралық Одақтың Төрайымы Тýлия Аксонмен кездесті. Кездесудің басты тақырыбы Қазақстан Парламентінің Парламентаралық Одақпен өзара іс-әрекетін нығайту болды, оның жұмысына Мәжіліс депутаттары белсене қатысуда.

– Саяси, экономикалық және гуманитарлық байланыстарға жәрдемдесу үшін парламенттік дипломатия әлеуетін пайдалану – еліміздің Сыртқы саясаттұжырымдамасы басымдығының бірі. Біздің еліміз жаһандық және өңірлік деңгейде бейбітшілікті, қауіпсіздік пен орнықты дамуды қамтамасыз етуде белсенді позиция ұстанады және оған елеулі үлес қосып отыр, – деді Мәжіліс Төрағасы.

Өз кезегінде, Парламентаралық Одақ басшысы климаттың өзгеруі, демократия және адам құқықтары, бейбітшілік пен қауіпсіздік, гендерлік теңдік, жастардың белсенділігі мен орнықты даму сияқты бағыттар бойынша Парламентаралық Одақ Ассамблеясының құрамындағы қазақстандық депутаттардың нәтижелі жұмысын атап өтті.

Әңгіме соңында Ерлан Қошанов Тýлия Аксонды Қазақстанға ресми сапармен келіп, 2025 жылы өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезіне қатысуға шақырды.

Парламентаралық Одақ Ассамблеясының алаңында Мәжіліс Төрағасы Египет Араб Республикасы Өкілдер Палатасының спикері Ханафи Джебалимен және Пәкістан Ислам Республикасы Ұлттық Ассамблеясының төрағасы Сардар Садикпен кездесулер өткізді. Ерлан Қошанов шетелдік әріптестеріне Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар туралы мәлімет беріп, олармен парламентаралық дипломатия бағытындағы ықпалдастықтың жолдарын талқылады.

Женевадағы Парламентаралық Одақ Ассамблеясының жұмысына ұйымға мүше 150-ден астам елдің делегаттары қатысты. Мәжіліс депутаттары негізгі сессиядан басқа тұрақты комитеттердің, Азия парламенттік ассамблеясының үйлестіру кездесуіне, панельдік пікірталастарға, сондай-ақ әйел-парламентшілер мен жас депутаттардың форумдарына қатысты. Бұл сессияда 2023 жылы Луандада Бейбітшілік және халықаралық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты комитеттің үш жылға төрағасы болып сайланған Мәжіліс депутаты Айгүл Құспан өз міндетін атқаруға кірісті.

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың Швейцария конфедерациясына ресми сапары аясында Бернде Швейцария Федералды Жиналысы Ұлттық кеңесінің төрағасы Эрик Нузбаумермен және Швейцария конфедерациясының федералды кеңесшісі, Сыртқы істер министрі Иньацио Кассиспен кездесуі өтті.

Федералды жиналыстың Ұлттық кеңесінің төрағасымен кездесуде Ерлан Қошанов Эрик Нузбаумерге Швейцарияға ресми сапармен шақырғаны үшін алғыс айтты. Мәжіліс Спикері Швейцария Қазақстанның Еуропадағы маңызды саяси және экономикалық серіктесі екенін атап өтті.

– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Швейцарияға 2021 жылғы қарашадағы алғашқы ресми сапары екіжақты қарым-қатынасымыздың жаңа тарауын ашты. 2021 жылғы тамызда Қазақстанға Швейцария Федералды Жиналысы Ұлттық кеңесінің төрағасы ресми сапармен келді. Біздің бүгінгі сапарымыз екі ел арасындағы парламентаралық диалогті нығайтуға септігін тигізеді деп ойлаймыз, – деді Мәжіліс Төрағасы.

Ерлан Қошанов өз әріптесіне Президент реформалары туралы айтып берді. Ол сондай-ақ VIII шақырылымдағы көп партиялы Мәжіліс жұмысы, оның ішінде қабылданған жаңа заңдар туралы мәлімет берді.

Мәжіліс Спикері қазақстандық тараптың Швейцариямен құқықтық саладағы ынтымақтастықты дамытуға ниеті туралы айтты.

Тараптар достық топтары, комитеттер мен партиялық фракциялар арасындағы өзара ықпалдастықты одан әрі дамыту жолдарын талқылады. Сондай-ақ сауда-экономика, көлік-логистика, экология, білім беру мен ғылым салаларында серіктестікті қолдау мәселелеріне ерекше назар аударды.

Өз кезегінде Эрик Нузбаумер Қазақстанда жүріліп жатқан реформалардың маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар парламентаралық байланыстарды тереңдетуге дайын екенін жеткізіп, достық топтарының жұмысын белсене жалғастыруға мүдделі екенін айтты.

Сондай-ақ Швейцария Федералды Жиналысы Ұлттық кеңесінің төрағасы екіжақты ынтымақтастық мәселелерін одан әрі дамытуға депутаттардың атсалысатынына назар аударды.

Кездесу соңында Ерлан Қошанов швейцариялық швинген балуандарын («қазақ күресіне» ұқсас күрестің ұлттық түрі) Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысуға шақырды.

Швейцария конфедерациясының Сыртқы істер министрі Иньацио Кассиспен кездесуде Мәжіліс Төрағасы Қазақстан мен Швейцарияның әріптестігі өзара құрмет, достық және сенім рухында, оның ішінде парламенттер бағыты бойынша нығаятынына сенім білдірді.

Тараптар елдер арасындағы экономикалық байланыстарды дамыту жайын да талқылады.

– Қазақстандық нарық – бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру үшін тиімді бастапқы алаң. Біз Швейцариямен ерекше жетістікке жеткен салаларда тығыз ынтымақтастық орнатуға мүдделіміз. Ол – энергетика, қазба байлықтарын қайта өңдеу, фармацевтика, машина және аспап жасау, туризм және қаржылық қызмет көрсету салалары. Қазақстан бизнес жүргізу үшін оңтайлы жағдаймен қамтамасыз етуге дайын, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері Швейцария тарапының халықаралық аренадағы Қазақстанның бастамаларын қолдауын жоғары бағалайтынын және БҰҰ алаңында кандидатураларды өзара қолдау бойынша ынтымақтасудың жоғары деңгейін атап өтті.

Тараптар Қазақстан азаматтары үшін Шенген аймағының визалық режимін жеңілдету және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы өзара түсіністік жөнінде меморандум жасасу мәселелері бойынша да пікір алмасты.

ЕҢБЕК ӨТІЛІН ЕСЕПТЕУДІҢ ӨЗГЕШЕ НОРМАСЫ

Экстремалды табиғи-климаттық жағдайлары бар шалғай шекара маңындағы аудан тұрғындарының еңбек өтілі өзгеше есептелмек. Ол үшін жалақыға үстемеақы қосу және еңбек өтілін есептеудің ерекше нормаларын енгізу мәселесі пысықталып жатыр. Бұл туралы Премьер-Министр Олжас Бектенов сенаторларға жауабында мәлімдеген.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасына шекара маңындағы аумақтарды дамыту жөніндегі жекелеген бөлімді енгізу бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, шекара маңындағы аумақтардың республикалық және жергілікті маңызы бар жолдарын салу, реконструкциялау және жөндеу, шекара маңындағы елді мекендердің тұрғындарына бизнес-бастамаларды, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласындағы бастамаларды қолдауға гранттар беру, туризмді және трансшекаралық туристік маршруттарды дамыту үшін жағдайлар жасау және тағы басқа бірқатар іс-шара көзделген», – деді О.Бектенов. Сондай-ақ аталған шекараларда автомобиль өткізу пункттерін жаңғырту және техникалық жарақтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының аясында шекара маңындағы ауылдарда әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. «Мәселен, 2019-2023 жылдары республикалық бюджет қаражатынан 108,8 млрд теңге сомаға әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша 1 795 жоба іске асырылды. Ал 2024 жылы 170 жобаны іске асыруға 36,6 млрд теңге бөлінді. Бұл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасын жалпы қаржыландырудың 20 пайыздан астамын құрайды», – деді Үкімет басшысы.

МАЛ ӨСІРУГЕ – АРНАЙЫ НЕСИЕ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес былтырдан бастап «Ауыл аманаты» бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Шағын несиелеу бағдарламасына өтініш білдірген ауыл тұрғандарының көбісі мал шаруашылығын дамытуға қызығушылық танытып отыр.

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен дөңгелек үстел барысында Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков осылай деп мәлімдеді.

– Мал шаруашылығы саласына берілген микрокредиттер жалпы несиенің 79 пайызын құрайды. Несиенің 4,1 пайызы өсімдік шаруашылығына, 16,9 пайызы ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнес түрлеріне бағытталды. Қаражаттың негізгі бөлігі Жамбыл, Түркістан, Ақтөбе және Алматы облыстарына үлестірілді, – деді ол.

Айта кету керек, аталған облыстарда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасының ең көп саны тіркелген.

Вице-министрдің мәліметінше, «Ауыл аманаты» бағдарламасының ережесіне сәйкес, жылдық 2,5% сыйақы мөлшерлемесі бойынша 5 жылға дейінгі мерзімге микрокредит беру көзделген. Мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін микрокредит 7 жылға дейін беріледі. Микрокредиттің ең жоғары сомасы 2,5 мың АЕК-ке тең.

Бұдан бөлек, Ауыл шаруашылығы министрлігі «Акцепт» еншілес компаниясымен бірлесіп, «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша микрокредиттеудің ақпараттық жүйесін әзірлеген. Ол кредит алу үшін электрондық өтінім беруге мүмкіндік береді. Ведомство өкілінің айтуынша, аталған жүйе Жамбыл облысында іске қосылған. Жақын арада Ақтөбе және Алматы облыстарында енгізіледі.

Ұлағат БЕКБОЛАТ

ОРГАНИКАЛЫҚ ӨНДІРІС ЗАҢМЕН РЕТТЕЛЕДІ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар «Органикалық өнімдерді өндіру және оның айналымы туралы» заң мен оған ілеспе түзетулерді екінші оқылымда қабылдады. Сондай-ақ ЕАЭО мемлекеттерінің бірлескен кооперациялық жобаларын жүзеге асыруға қаржылық көмек көрсету туралы және Ресей мұнайын Қазақстан арқылы Қытайға тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы екі хаттаманы ратификациялады.

Жұмыс тобының жетекшісі Айдарбек Қожаназаров «Органикалық өнімдерді өндіру және оның айналымы туралы» заң мен оған ілеспе түзетулер туралы баяндама жасады. Ол жобаны депутаттар органикалық өнімдерді өндіру және айналымы саласындағы заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ оны органикалық өндірістің халықаралық стандарттары мен тәжірибесімен үйлестіру мақсатымен әзірлегенін айтты.

Негізгі заңда органикалық өнімдерді өндіруге көшу шарттары, оларды өндіруге, айналысқа және таңбалауға қойылатын талаптар қарастырылады. Сондай-ақ органикалық өнімдерді есепке алу мен қадағалау жүйесі және оларды өндірушілердің тізілімі жасалады. Баяндамашының айтуынша, өзгерістер органикалық өндірісті сұраныстар мен өткізу нарығының қалауына байланысты таңдалған стандарттың талаптарына сәйкестігін сертификаттауға мүмкіндік береді. Бұл ретте сертификаттау объектілерінен органикалық өнімдер алынып тасталады, тек өндіріс процесі ғана сертификатталады.

«Органикалық өнімдерді сату кезінде де бақылаулар енгізіледі. Бұл тұтынушылардың құқықтары мен халықтың денсаулығын қорғауға, «органикалық» деп сатылатын органикалық емес өнімдер айналымының жолын кесуге, отандық органикалық өнім өндірушілерді жалған таңбалауға байланысты азаматтарымызды адастыратын импорттаушылар тарапынан жосықсыз бәсекелестіктен қорғауға көмектеседі», – деді Айдарбек Қожаназаров.

Ілеспе жобада сәйкестік сертификаты құнының 50 пайызын субсидиялау және органикалық тыңайтқыштарды субсидиялау көзделген. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске енгізілген өзгерістерде жергілікті атқарушы органдарда бақылаудың тиісті функцияларын алып тастауға байланысты органикалық өнім өндіру саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік алынып тасталады. Осылайша, органикалық өнімді өндіру және оның айналымы жөніндегі қызмет мемлекеттік органдар тарапынан тиісті бақылаусыз қалмайды. Оны сәйкестікті растау, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдар жүзеге асырады.

Талқылау нәтижесінде депутаттар заңдарды екінші оқылымда қабылдап, Сенаттың қарауына жіберді.

Мәжіліс 2014 жылғы 29 мамырдағы ЕАЭО туралы шартқа одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салаларындағы бірлескен кооперациялық жобаларын іске асыруына қаржылық көмек көрсету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялады.

Құжат жөнінде Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев баяндады. Оның айтуынша, одақ шеңберінде өзара инвестицияларды арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, өндіріс активтерінің тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік беретін қаржыландырудың жаңа форматы әзірленген.

«Қаржылық жәрдемдесу механизмі 5 жыл мерзімге пилоттық режимде бекітіледі. Арнайы, демпингке қарсы және өтемақы баждарынан түсетін жалпы соманың 10 пайызы қаржыландыру көзі болады. Бір жобаға субсидияның максималды көлемі жылына 1,890 млрд теңгені құрайды. Қаражат Еуразиялық экономикалық комиссия мүше мемлекеттердің ұлттық қаржы ұйымдарына және Еуразия даму банкіне базалық мөлшерлеменің 100 пайыз көлемінде субсидия түрінде беріледі», – деді Қ.Шарлапаев.

Бұдан соң депутаттар Ресей мұнайын Қазақстан аумағы арқылы Қытайға тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан-Ресей үкіметаралық келісіміне түзетулер енгізу туралы хаттаманы ратификациялады.

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев хаттамада транзит көлемі, тарифтер және мұнай транзиті үшін есеп айырысу қарастырылғанын айтты. Сондай-ақ жыл сайын 10 млн тонна көлемінде Ресей мұнайы транзитімен келісімді 10 жылға ұзарту көзделді. Бұл ретте мұнай айдау тарифі тоннасына 15 доллар болып бекітілді.

«Осы хаттаманы қабылдаудың еліміз үшін тиімді тұстарын атап өткім келеді. Біріншіден, Қазақстан Ресей мұнайын алмастыру арқылы өз мұнайын сатуға мүмкіндік алады. Екіншіден, Ресей мұнайын Қазақстан арқылы тасымалдау үшін елге жыл сайын 171 млн АҚШ доллары түседі. 10 жылда бұл 1,7 миллиардтан асады. Үшіншіден, Павлодар мұнай өңдеу зауытының өндірістік қуаты артады», – деді жұмыс тобының жетекшісі Вера Ким қосымша баяндамасында.

Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті «Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық құрамдастырылған жүк тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын жұмысқа алды. Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша жауапты мемлекеттік органдарға 16 депутаттық сауал жолдады. Мәселен, «AMANAT» партиясы фракциясының депутаты Еділ Жаңбыршин Премьер-Министрге жолдаған сауалында делдалдар компанияларды жою туралы ұсыныс айтты.

«AMANAT» партиясы өз сайлауалды бағдарламасында ескі Қазақстанның жүйесі болған барлық деңгейдегі делдалдарды жоюды іске асыруды негізге алып отыр. Осыған дейін аманаттықтар, газ және теміржол саласындағы «прокладка» ұйымдарды реттесе, енді электр энергетика саласында тәртіп орнататыны анық. Өйткені сайлаушылармызбен кездескенде олар бізге электр энергиясының тарифтерін негізсіз көтеріп отырған, ел аузында «ЭСО» деп аталып кеткен, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға тыйым салуды аманат етіп отыр.

Қазір дистрибьюторлық қызмет атқаратын осындай делдалдардың нарықта реттелетін және реттелмейтін екі түрі жұмыс жасап отыр. Ұлттық оператор KEGOC-тың мәліметі бойынша, еліміздің тұтынушыларына жіберілетін электр энергияның 18 пайызы тарифі осындағы реттелмейтін жүздеген «ЭСО»-лар арқылы сатылуда екен. Яғни, делдалдар арқылы миллиардтаған қаржы өтеді. Біздің болжамды есебіміз бойынша әрбір делдал жылына кемінде 1 миллиард теңге таза пайда көреді екен. 120-дан астам реттелмейтін ЭСО-лардың бір жылдық таза табысы кемі 150 миллиард теңгені құрайды. Бұл әзірше болжам цифрлар, нақтысын ешкім білмейді. Өйткені бұлар ешкімге есеп бермейтін, тек делдалдық қызмет арқылы кеңседегі азғантай ғана қызметкерлерімен, халықтың адал табысынан миллиардтап қаржы тауып отыр. Сорақысы, бұл ұйымдардың балансында бір метр электр желісі, тіпті электр бағаны мен трансформаторы жоқ. Бұл не деген батпан құйрық?!» – деп ашынды депутат.

Оның айтуынша, кейбір өңірлерде делдалдардың тарифіндегі таза пайда бір кВт сағат үшін 25 теңгеге жеткен. Ал Қазақстандағы ең ірі Екібастұз 1-ші электр стансасының 1 кВт сағат электр энергиясын өндіру тарифі 8 теңгені құрайды. Делдалдар ештеңе өндірмей-ақ стансалармен салыстырғанда кемі 3 есе пайда көріп отыр. Қынжылтатыны, сол таза табыстарынан энергетика саласына бір тиын инвестиция салмаған. Тіпті, бірде-бір есептегіш құрал да орнатпаған. Тірліктері тек қана қалтаны томпайту, пайда табу. Мәжілісте олигарх топтардың делдалдық ұйымдарының ашық қарсылығына қарамастан «прокладка» ұйымдарды жою бойынша нақты заң нормасы дайындалып, енгізілген. Ендігі кезекте делдалдардың артындағы олигархтардың әлеуетін және олардың биліктегі байланыстарын ескере отырып, Үкімет тез арада келесі нақты шешімдерді қабылдауы қажет.

«Делдал ұйымдарды нарықтан толықтай алып тастау. Электр энергетика нарығында делдалдарсыз жаңа құрылымға өту тәртібін әзірлеу. Тұтынушылар үшін ашық және әділ тарифтерді қамтамасыз ету және оларды қатаң бақылауға алу. 2023 жылдың шілдесінде энергетика нарығында арнайы бірыңғай сатып алу моделі енгізіліп, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың қызметі онсызда мағынасын толығымен жойды. Ендігі кезекті осы мәселені Мәжілісте заңмен бекітіп, ал Үкімет нақты іске асырушы механизмдерді жасақтап, орындауы тиіс», – деді Еділ Жаңбыршин.

Ал өз кезегінде депутат Аманжол Әлтай Премьер-Министр Олжас Бектеновке жолдаған депутаттық сауалында Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы Жұмажанов ауылының тұрғындары ауыл іргесіндегі таяқ тастам жерге төгілген мұнай қалдықтарынан зардап шегуде екенін жеткізді. Елді мекеннен небәрі 500 метр жердегі мұнай қалдықтары төгілген полигонның залалын ескертіп тұрғындар дабыл қаққалы көп болған екен. Бірақ өкінішке қарай, қарапайым халықтың талап-тілегімен ешкім санасар емес.

«Ауыл халқының тынысын тарылтып, тамағын қырнаған мұнай қалдықтарының жағымсыз иісі тұрғындардың мұңына айналуда. Денсаулығына алаңдаған жұрттың жанайқайын СЭС мамандары да, экологтер де назарына алмай келеді. Ауа райының күрт жылынуы себепті кеше сол мұнай қалдықтарын жинақтайтын полигонды су басып кетті. Қар суымен араласқан зиянды мұнай қалдықтары Сарысу өзенінің арнасына құйылса, оның экологиялық залалы үлкен болмақ. Суда жүзген балықтың, жүгірген аңның, жұттан қалған азын-аулақ малдың қырылуына себеп болуы бек мүмкін. Сол себепті халықтың келесідей талап-тілектерін шұғыл орындау қажет. Біріншіден, дереу су ағып жатқан аумақта мұнай қалдықтарының төгілу дәлелдері анықталсын. Арнайы комиссия құрылып, сараптама жүргізу қажет. Екіншіден, ауыл тұрғындарының денсаулығына зиян келтіріп отырған іргедегі мұнай қалдықтары полигоны жабылсын. Үшіншіден, тексеріс нәтижесінде заңбұзушылық анықталған жағдайда өндірістік мұнай тасымалдау мекемесіне қатаң шаралар қолданылсын», – деді «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай.

Нұрлан ОРАЗҒАЛИ

ТЕҢІЗДЕН ТАМШЫ ҚАЗАҚҚА БҰЙЫРА МА?

(Басы 1-бетте)

Әйткенмен, Теңіз кен орнына қатысты 2033 жылға дейін контракт бекіткен инвестор «Келешек кеңею жобасын» ККЖ тағы қымбаттатты. Төл дереккөздеріне сүйенген Bloomberg агенттігі жобаның шығындары биыл тағы 1,5 миллиард долларға өсіп шыға келгенін хабарлады.

«Қазақстандық Теңіз кен орнын игеру жобасының операторы – американдық Chevron жобаны кеңейту үшін қажетті салымдардың көлемін қайтадан арттырды. Супергигант мұнай кен орнындағы өндірісті кеңейту құны тағы $1,5 миллиардқа жоғарылады. Бұл ретте оператор таяуда, 2023 жылғы қазан айында «Теңіз» ККЖ шығыны шамамен 4%-ға – 47 миллиард долларға дейін көбейетінін жариялаған еді. Бұған жобаны іске қосудың күткендегіден баяу жүруі ықпал етті. Осылайша, жаңа қымбаттаудан кейін жоба құны шамамен 48,5 миллиард долларға жетті», – деп жазды Bloomberg агенттігі.

Ақпарат агенттігі Теңіздегі өндірісті ұлғайту жобасының соңы сиырқұйымшақтанып, созбалаңға салынып кеткенін еске салды. Бастапқыда инвесторлар ККЖ-ны 2022 жылы аяқтауға уәде еткен. Кейін 2024 жылғы маусымға ысырды. Енді екі мерзім белгіленіп отыр: 2024 жылдың соңы және 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы.

Қазақстанның жаңа Үкіметі бұған келіскен сыңайлы. Биылғы 15 ақпанда жаңа Премьер-Министр Олжас Бектенов «Шеврон» компаниясының Еуразиялық бөлімшесінің басқарушы директоры Дерек Магнесспен кездесті. Сонда Олжас Бектенов Теңіз кен орнында Келешек кеңею жобасын – 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында, сағалық (ұңғыма ернеуінің) қысымын басқару жобасын 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында аяқтауды қамтамасыз ету керектігін айтты.

Бірақ ККЖ-ның тағы қымбаттағаны қазір ғана жария болды.

NCOC компаниясы *(Фото)*

ТАЛАП ЖОҚ, ҮНДЕУ БАР

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев ККЖ-СҚБЖ жобаларын жүзеге асыру кестедегі мерзімнен кешігіп қалғанын мойындады. Бірақ оның пікірінше, оның объективті себептері бар және олар жұмыстардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты. Бәрі дұрыс болса, жоба биылғы жылдың соңына қарай аяқталады.

2022 жылы әріптестер – Қазақстан Үкіметі мен ТШО осы жобалардың жаңартылған құны мен кестесін мақұлдағалы бері, оның мерзімі екі рет бұзылып, екі рет ұзартылды. Осының алдында, 2023 жылғы қазанда Энергетика министрі «Теңіздегі» ККЖ-СҚБЖ жобаларын қолданысқа беру 6 айға ары ысырылғанын мәлімдеген еді. Сәйкесінше, 2024 жылғы маусымда кеңейтілген өндіріс салтанатты түрде ашылуы тиіс еді. Енді Үкімет ол жоспарларын қайта түзетуге мәжбүр.

Алмасадам Сәтқалиев ККЖ құны тағы шамамен 5% көтерілетінін растады. Оның айтуынша, бұған жұмыстардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі түрткі болыпты. Өзге егжей-тегжейін ол журналистерге айтпады.

Бүгінде Теңіз кен орнын игеріп жатқан «Теңізшевройл» (ТШО) операторының құрамына американдық Chevron (үлесі 50%), американдық Exxon Mobil (25%), «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы (20%) және ресейлік «Лукойл» (5%) кіреді. Соңғы екеуі оператордың қаржылық шешім қабылдауына ықпал ете алмайды. Нәтижесінде, операторды американдық қос мұнай-газ алпауыты тұтас бақылап отыр.

Энергетика министрінің бұрынғы штаттан тыс кеңесшісі, мұнай-газ саласының сарапшысы Олжас Байділдинов «Келешек кеңею жобасының» шығыны 50 миллиард долларға дейін жетуі мүмкін деп болжады.

Американдықтармен арада бекітілген «тұрақтылығы кепілдендірілген контракт» бойынша инвесторлардың бұл шығыны Теңіз мұнайын сатудан түскен табыстан өтеледі. Сондықтан Chevron мен ExxonMobil ККЖ шығынын еш қиналмай, арттыра береді. Бұл ретте олардың жоба шығынына нені жатқызатынын ел білмейді: тараптар арасындағы 90-шы жылғы келісім бойынша мұндай ақпарат қоғамға жариялауға жатпайды.

Мұның сыртында ол миллиардтардың басым көпшілігі шетелге кетеді. Осыған орай «Шевроннның» басқарушы директоры Дерек Магнесспен кездескенде, Үкімет басшысы Олжас Бектенов ТШО-да қазақстандық мазмұнның аздығына шағымдана келіп, отандық өндірушілерден тауарларды сатып алу үлесін арттыруға шақырды. Яғни, шақырумен шектеледі, міндеттей алмайды. Себебі бұрынғы билік тұсында тараптар арасында бекітілген контрактіде қазақстандық өндірушілердің өнімдерін, жергілікті бизнестің қызметін тұтыну талабы көрсетілмепті.

БҰРЫНҒЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІ БҮГІН ТҮЗЕЛСЕ ИГІ

Олжас Байділдинов Теңіздегі мұнай өндірісін жылына 12 миллион тоннаға артыратын «Келешек кеңею жобасы» әу баста 12 миллиард доллар ғана тұратыны жарияланғанын еске салды. Содан кейін бюджеті 25 миллиардқа дейін өсті. Өйткені бұл шығынға сағалық қысымды басқару жобасы да кіретіні айтылып, дәйектелді. Ізінше жоба шығыны ың-шыңсыз 37 миллиард долларға жеткізілді. Былтыр 47 миллиард доллар белесін «бағындырды». Биыл құны 48,5 млрд долларды құрайтыны айтылды.

– 2025 жылға дейін 50 миллиард доллардан да асып жығылармыз. ТШО-мен арадағы тұрақты контрактінің, жалпы Өнім бөлісу келісімінің басты мәні сол, алдымен инвесторлар түскен табыстан жобаға салған инвестицияларын қайтарады. Инвесторлар салған қаржыларының 70%-ға дейінгісін қайтара алғаннан кейін ғана мемлекет кен орнынан салмақты табыс таба бастайды. Егер шығын ұдайы көтеріле берсе, сол күн алыстай бермек. Салдарынан, 2033 жылдан кейін американдықтар қол бұлғап ұшып бара жатқанда, оның артында қалған еліміз Теңіз кенін өндіруден мардымсыз тиын-тебен ғана тапқанын біліп, көзіне жас алмас па? – дейді О.Байділдинов.

Оған жеткізбеу үшін мәселенің мәнісіне терең бойлап, шешімдерін іздеген жөн. Олжас Байділдинов бір есептемені келтірді: Үкіметтің дерегі бойынша, келешек кеңею жобасы Теңіздегі жылдық мұнай өндірісін қосымша 12 миллион тоннаға арттырады. Бұл он жылда 120 миллион тоннаға немесе 876 миллион баррельге барабар.

Brent маркалы қазақ мұнайының әр баррель-бөшкесі бүгінде 85 доллардан сатылып жатыр. Алайда әлем көміртек бейтараптылығы, климаттық күйзеліспен күрес аясында қара алтынды тұтыну көлемін азайтуға ден қойды. Бұған жаһандық экономикалық күйзелістер де әсер етеді. Онжылдықта Ресейдегі саяси ахуал ушығуы ықтимал: Қазақстан мұнайының 98%-дайы РФ аумағы арқылы тасылады. Ел Үкіметі оны айналып өтетін баламалы жолдармен тасымалданатын мұнай мен газ конденсаты көлемін екі есе арттырды: 2022 жылғы 1,91 миллионнан 2023 жылы 3,73 млн тоннаға дейін. Бірақ бұл да аз.

Жеткізу шығыны, фрахт құны да қымбаттап жатыр. Осының бәрі қосыла келе, алдағы онжылдықта қазақ мұнайының әр баррелінің бағасы 60 доллардан аспауы мүмкін. Олай болса, ККЖ аясында алынатын қосымша 876 млн баррель қара алтынды сатудан 52,6 миллиард доллар табыс түседі. ККЖ шығыны – 50 миллиардқа жуық! Сонда 53 миллиардтай ғана табыс әкелетін жобаға 50 миллиард доллар жұмсау ұтымды ма?

Бұдан ел де қомақты пайда көруі үшін аталған елу миллиард доллар шығын қазақстандық мазмұнға бағытталуы керек. Сонда, әсіресе отандық шағын және орта бизнестің дамуына серпін берер еді. Сондай-ақ Теңіздің жеңіл мұнайын шетелге шикізат күйінде сатуды азайтып, оның орнына мұнай химиясын дамытқан жөн.

Сарапшылар Қазақстанның үлесін арттыру мәселесіне оралған орынды екенін айтады. ТШО-да Үкіметпен және қоғаммен байланысқа 12 жыл бойы жауап берген маман, сала сарапшысы Рзабек Артығалиевтің айтуынша, бастапқыда «Теңізшевройлдағы» үлесті Қазақстан мен Chevron «50-де 50» қағидатымен бөліскен. Қазақстан өз үлесін сатуға шешім қабылдаған соң бұл паритет бұзылды.

Өйткені тоқсаныншы жылдардағы тоқырау кезінде Үкімет бюджеттің жыртығын жамау үшін түрлі көздерден қаржы іздеген. Содан 25% үлесін американдық ExxonMobil-ге, тағы 5 пайызын ресейлік «Лукойлге» сатты. Ресейлік компанияның жағдайы бүгінде мәз емес. Ендеше оны үлесін бізге сатуға иліктіру де қиын болмас.

2008 жылы Қазақстан Үкіметі «Теңізшевройлмен» арадағы тұрақты контрактісін және Қашаған мен Қарашығанақ кен орындарына қатысты Өнім бөлісу келісімдерін қайта қарау, оларда бекітілген «салықтық режим тұрақтылығы» ережелерін жою бастамасын көтерді. Егер сол кездегі ел басшылығы құптағанда, тиісті заңнамалық талаптар 2009 жылғы 1 қаңтарда күшіне енетін еді.

Сол бастама «Әділетті Қазақстанда» қайтадан күн тәртібіне шықса игі. Әйтпесе, елдегі ең ірі үш мұнай-газ кен орны бойынша келісімдерге 90-шы жылдары болған алым-салықтар ғана кірді және көлемі де тым аз.

Әрине, американдық инвесторларды біржақты жамандай беруге болмайды. Бизнесмендер бірінші кезекте, өз табысын, қара басын ойлайды. Бірақ елімізде өндірілетін мұнайдың үштен бірін беріп отырған «Теңізшевройл», Шеврон елге келген отыз жыл ішінде сала мен экономикаға 70 миллиард доллар инвестиция құйды. Осы уақытта ол мемлекет бюджетіне түрлі салық, роялти және басқа төлемдер түрінде 160 миллиард доллардан астам кіріс әкелді. «Теңізшевройл» жұмысшыларының 95%-дан астамы – Қазақстан азаматы.

Сондықтан Үкімет тоқпаққа жүгінбей, инвестордың тілін тауып, шектен шықса, тәртіпке келтіріп, сақ қимылдағаны жөн. Егер американдықтар теріс айналып, озық мұнай-газ өндіру технологияларын алып кетсе, сала қаран қалуы, инвесторлары қашқан Қазақстан дамыған әлемнен оқшауланған Ресейдің кебін құшуы мүмкін.

Елдос СЕНБАЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев заман талабына сай мемлекет құру үшін алдымен азаматтардың барлық өтініш-тілегіне жедел әрі тиімді жауап бере алатын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру керектігін үнемі ескертіп отырады. Ал қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару – ең алдымен, мемлекеттік органдардың міндеті. Осы орайда біз «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, Парламент Мәжілісінің депутаты Данабек Исабековпен сұхбаттасқан едік.

Данабек ИСАБЕКОВ,
Мәжіліс депутаты:

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» – САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КЕПІЛІ

– Данабек Ержанұлы, Халыққа қызмет көрсету орталығында қызмет атқарған жылдардағы тәжірибеңізге сүйеніп, уақытылы әрі сапалы қызмет көрсету және осы саланы дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар барысына тоқталып, алдымен шешілуге тиіс мәселелер туралы айтсаңыз...

– Мемлекеттік қызмет көрсету саласы халықтың өмір сүру сапасын арттыруда үлкен мәнге ие. «AMANAT» қызмет көрсетудегі әділдік қағидатын орнықтыруға әрдайым басымдық береді. Партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында мемлекет, қоғам және азамат арасындағы қарым-қатынасты барынша цифрландырудың, мемлекеттік және әлеуметтік қызмет алудың барлық сатысынан адами факторды алып тастаудың маңыздылығы ерекше атап көрсетілді. Қоғамда адамдар мемлекеттің жұмысын қызмет көрсету сапасы бойынша бағалайды. Егер бір адамға мемлекеттік қызметті уақытылы әрі сапалы көрсете алмаса, онда мемлекеттік басқарудың басқа да барлық саласында жағдай шамамен осындай деген пікір қалыптасады. Әрине, осы кезеңге дейін қызмет көрсету сапасын жетілдіру бойынша өте көп жұмыстар атқарылды.

Электронды үкімет порталын дамыту, халықтың компьютерлік сауатын көтеру, Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жақсарту, мемлекеттік қызмет сапасын арттыру бағытында бірқатар жетістіктерге жеттік.

Цифрландыру ісі қарқынды түрде дамыды, әлі де дамуда. Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру халқымыздың әл-ауқатының артуына, сыбайлас жемқорлық көріністер мен бюрократтық тосқауылдардың азаюына негіз болған E-Otinish электронды өтініштер жүйесі қоғамдағы кейбір мәселелерді шешуге көмектесуде. Халықтың мемлекеттік қызмет түрлеріне қолжетімділігін арттыру бағытында өте көп бастамалар жүзеге асырылуда.

Шешілуге тиіс мәселеге тоқталсам, қазір заман талабына сай ақпараттық жүйелер арасындағы ықпалдастыру жүйесін жетілдіру қажеттілігі туып отыр. БМЖМК (ЕКГН) дерекқорларының іркілуі, Мемлекеттік қызмет көрсетудегі дерекқорлардың жиі іркілуі, жер саласының архивтерін цифрландыру, жалпы мұрағат жүйесін цифрландыру, АХАТ саласы мен әлеуметтік салалардың дерекқорларын ықпалдастыру мәселелері шешілсе, қызмет көрсету сапасы жоғарылауына үлкен тетік болары сөзсіз.

– «Азаматтарға арналған үкімет» тұжырымдамасына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына бақылауды күшейту және оны цифрлық форматқа ауыстыру, қызмет алудың барлық сатысынан адами факторды алып тастау бағытындағы жұмыстардың нәтижесі қандай?

– Қызмет көрсету сапасына бақылау Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен, қоғамдық қорлармен, ведомствоаралық комиссиялармен, партия тарапынан, әр қызмет алушы тарапынан қадағаланады және бағаланады. Бүгінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы 1 354 мемлкеттік қызмет түрін алуға болады, соның ішінде 1 214 қызмет түрі «электронды үкімет» порталы арқылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алу рәсімдердің мерзімін едәуір қысқартып, оларды орындаудың жеделдігімен және барлығына қолжетімділігімен, қызмет алудың барлық сатысынан адами факторды мүмкіндігінше алып тастаумен ерекшеленеді.

Бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет түрлерін онлайн алуға мүмкіндік туды, қажетті құжаттар тізбесі көбейді. Әсіресе, Egov Mobile қосымшасымен мемлекеттік қызмет түрлерін алуға болады.

Қазір сіз өз пәтеріңізден шықпай-ақ қызметтерді алуға сұраныс жасай аласыз. Ол үшін электрондық-цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болуы қажет, оның көмегімен мемлекеттік қызметтің 90 пайызын ала аласыз. Электронды түрде қызмет көрсету сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетіп, мемлекет пен азаматтардың қаржылық шығынын қысқартып, адами факторды азайтады. Еліміз электронды үкімет пен финтехті дамыту индексі бойынша әлемдік көшбасшылардың қатарында.

– Өңірлердегі Халыққа қызмет көрсету орталықтары ғимараттарына қатысты мәселе жиі айтылады. Мәселен, ғимараттың сауда орындарында немесе апатты жағдайдағы мекемелерде орналасу мәселесін шешу бойынша қандай жұмыстар атқарылуы керек деп ойлайсыз?

– Республика бойынша 20 филиал, 353 фронт-офистер, 446 бэк-офистер жұмыс істеуде. Осы кезеңге дейін әртүрлі жұмыс топтары құрылып, ХҚО ғимараттарының жағдайы, санитарлы тораптарының апатты жағдайлары, көпшілікке бейімделмеген ғимараттарда орналасуы, жолсілтемелері, автотұрақтардың жоқтығы және басқа да кемшіліктер анықталып, айтылып та жазылып та жүр. Ол мәселелерді шешу мекеме басшылары тарапынан кезең-кезеңмен жасалуда. Ғимараттарға күрделі және ағымдағы жөндеу жасау Даму жоспарларына енгізілген. Ғимараттары бар кәсіпкерлермен келісімшарт жасап, заманауи ғимараттарды тегін пайдалану, шалғайда орналасқан ғимараттарға халықты шақырып, жанындағы сауда мекемелерінің саудасын жүргізе отырып, жергілікті басқарушы органдардың тарапынан жол, аялдама басқа да инфрақұрылымдарды тартып бір-бірінің дамуына үлес қосып келеді. Біраз ғимараттар модернизациядан өтіп, жаңа форматта «New ХҚО»-лар қызмет көрсетуде. Әрине, тез арада толық шешілетін мәселе емес, бұл өзекті мәселені бақылау мен үнемі назарда ұстауды қажет етеді.

– Халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы фронт-кеңселердің тиімділігі қандай?

– Бүгінде республика бойынша 353 фронт-офистер (Халыққа қызмет көрсету бөлімдері) жұмыс істейді. Әрбір офисте күн сайын мыңдаған азаматтарға қызмет көрсетіледі. Фронт-офистерде кедергісіз қызмет көрсету, бірыңғай электрондық кезек енгізілген. Фронт-офист ерде кеңес беру аймағынан (ресепшн) барлық мемлекеттік қызмет түрімен қатар, сервистер бойынша да ақпарат пен кеңестер беріледі. Жаңа модернизацияланған халыққа қызмет көрсету бөлімдерінде цифрлық кеңселер бар, ол жерде дәстүрлі мемлекеттік қызметтермен қатар, азаматтардың ыңғайлығы үшін арнайы аймақтар бар. Халыққа қызмет көрсету орталығында 10 минут ішінде қызмет алуға болатын жылдамдық аймағы, әлеуметтік қызмет көрсету бөлігі, оның ішінде ЭЦҚ-ны оператордың көмегінсіз дербес алуға арналған байланыс аймағы бар. Сонымен қатар 1414 бірыңғай байланыс орталықтары арқылы үйден шықпай-ақ, кез келген мемлекеттік қызметтер немесе сервистер бойынша сұрақтарыңызға жауап ала аласыздар.

– Жақында Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовке су үнемдеу мәселесі бойынша депутаттық сауал жолдадыңыз. Судың стратегиялық ресурс ретіндегі маңызы қандай?

– Цифрланған XXI ғасырдың жетістіктері көп. Сонымен қатар сын-қатерлері аз емес. Энергетикалық және азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі, экология мәселесі алдымыздан шыға бастады. Бастысы, судың тапшылығын адамзат сезінуде. Жер бетінің 74 пайызын су алып жатса, соның 2,5 пайызы – тұщы су қоры. Оның көп бөлігі – Гренландия мен Антарктида мұздығына тиесілі. БҰҰ мәліметіне сенсек, әлемде 2,5 миллиард адам су тапшылығын сезініп отыр. Африканың тұрғындары сапалы ауызсудың жетіспеушілігінен гастроэнтерит, холера, іш сүзегі сынды ауруға ұшырауда.

Елдегі аз ғана су ресурсын қорғап, тиімді пайдалануды жолға қоймасақ, африкалықтардың күйін кешпеуімізге ешкім кепілдік бере алмайды. Қазірдің өзінде халықты ауызсумен қамтамасыз етуде түйткілдер бар. Біріншіден, инфрақұрылымның тозығы жетті. Бұл салада автоматтандыру мен цифрландырудың деңгейі төмен. Ағын судың режимі мен су қоймаларын зерттеу үшін 800 гидрологиялық бекет керек болса, соның 310-ы ғана жұмыс істейді. Бұл су ресурстарының мөлшері мен сапасын мониторингілеуге және экономиканың саласын сумен қамтамасыз ету жөніндегі нақты теңгерімі жоқ. Бәрінен бұрын, су шаруашылығы инфрақұрылымын түрлі мемлекеттік орган басқарады, соның салдарынан су ресурстарына қатысты тиімді саясат жүргізу қиындайды.

> *Егер екінші тәсіл бойынша суды бөлісетін болсақ, сөзсіз біз ұтылып қалуымыз мүмкін. Өйткені 1991 жылы 2 миллион 485 мың гектар суармалы жер болса, 2019 жылы оның көлемі 1 миллион 435 мың гектарды құрады. Яғни, суармалы егістіктің көлемі екі есеге қысқарды.*

Біз суды стратегиялық ресурс ретінде бағалап, оны үнемдеуіміз керек. Әсіресе, Орта Азия елдері бірлесе Сырдария өзенінің суын пайдалануды жолға қою керек. Онсыз елдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамуы қиын. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында осыны ескертті әрі арнайы Су ресурстары және ирригация министрлігін құруға пәрмен берді. Жауапты министрлік қандай іс-шаралар атқаруда бізге осыны білу маңызды.

Жақында Парламентке заманауи тәсілдерді белгілейтін Су кодексі ұсынылды. Әріптестерімізбен бірге кодексті талқылап, мемлекеттік деңгейде суды тиімді пайдалану және ресурс ретінде бағалау саясатын жетілдіруге мән беретін боламыз.

– Шынында да, қазір қай қала болмасын көлік жуатын орындар көбейген. Суды рәсуа қылмай, «көлеңкелі су нарығын» реттеу мәселесіне қатысты қандай ұсынысыңыз бар?

– Депутаттық сауалымда шаруашылық су мен ауызсудың нормативін анықтап, көлік жуу орталықтарына ауызсуды қолдануды шектеу керектігін атап айттым. Жасыратыны жоқ, қазір көлік жуу орындарынан бастап кейбір ірі-ірі өндіріс орындары ауызсуды өндірістік мақсатта пайдаланады. Міне, осыны қайта қарауды ұсындым. Әрине, хабарласып, өз ренжісін білдіргендер де болды. Алайда елдің ортақ мүддесі бәрінен жоғары деп ойлаймын.

Шымкент қаласында ресми тіркелген 195 көлік жуу орны бар. Бір көлікті жууға 80-100 литр су кетеді деп есептесек, бір көлік жуу орны күніне 10 көліктен жуғанның өзінде қаншама тонна су ысырап болып жатқанын есептеуге болады. Енді оған еліміздегі барлық кент пен қаланы қосыңыз. Сонда күніне қанша тонна су шығындап жатырмыз. Айналып келгенде, бұл біздің ұрпағымыздың несібесі ғой!

Суды үнемдеуде және көлеңкелі су нарығын реттеуде озық елдердің тәжірибесіне сүйену керек. Біріншіден, тұрмыстық және ауыл шаруашылығы секторына керекті суды тиімді пайдалану жолын қарастыру маңызды. Екіншіден, қолда бар су ресурсын қорғап, оны цифрлы технологияны қолдану арқылы өндіріп, тасымалдау тәсілін жаңғырту керек. Үшіншіден, суды көп пайдаланатын егін шаруашылығы мен ірі өндірістерде суды цифрландыру тәсілімен қолданған жөн. Бұл туралы Президент нақты айтты да. Яғни, әрбір каналдарға жіберілген судың мөлшері есептеліп, цифрландыру маңызды. Сонда егін шаруашылығы саласы жаңбырлатып, тамшылатып суару тәсіліне басымдық берер ме еді?! Өйткені су – өмірдің өзі, экономика көзі.

– Сіздің ойыңызша, мемлекетаралық комиссияларда ел мүддесіне сай трансшекаралық өзендерден алатын судың нақты көлемін белгілеп, ел аумағында тездетіп су қоймаларын салуды шешу мәселесі қалай жүзеге аспақ?

– Әрине, гидротехник маманы болмасақ та, суға қатысты мәселелерден хабарымыз бар.

Соңғы 30 жылда Орта Азия елдерінде халықтың саны бірнеше есеге көбейді. Бұл экономиканың су тұтынатын секторларына айтарлықтай салмақ салып, жыл сайын су тапшылығын тудыруда. Қазақстандағы судың 42 пайызы трансшекаралық өзендер – Жайық, Ертіс, Іле, Талас, Сырдария өзеніне тиесілі. Өз кезегінде, олар басын Ресей, Қытай және Орта Азия елдерінен алады.

Білуімше, халықаралық тәжірибеде суды бөлісудің екі жолы бар. Біріншісі – тарихи негіз бойынша, яғни ертеректе өзен немесе көлдің ағыны қалай болды, соны негізге алып суды бөлісу. Екіншісі – қазіргі уақытта кім қанша пайдаланып отыр, сол бойынша есептесу. Бұл – кімде қанша халық бар, қанша суармалы жері бар, соған сүйену деген сөз.

Егер екінші тәсіл бойынша суды бөлісетін болсақ, сөзсіз біз ұтылып қалуымыз мүмкін. Өйткені 1991 жылы 2 миллион 485 мың гектар суармалы жер болса, 2019 жылы оның көлемі 1 миллион 435 мың гектарды құрады. Яғни, суармалы егістіктің көлемі екі есеге қысқарды.

Қытайдан бастауын алатын Ертіс, Іле және тағы басқа шағын өзендер бар. Кейінгі жылдары Қытай билігі түрлі бағдарламалар қабылдап, Шыңжаң және Іле өлкесін игеруге мән беруде. Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан аумағынан өтетін Сырдария өзені 30 миллионнан астам халықты асырап отыр. Қырғызстан мен Тәжікстан электр энергиясын өндірсе, Өзбекстан дария суын ауыл шаруашылығы бағытында тұтынады. Ресейден келетін Жайық өзенінің суы да жыл өткен сайын тартылып келеді. Өзен суларын бөліскенде ел мүддесі бәрінен де жоғары болуы керек дегеніміз – сондықтан.

Су тапшылығының алдын алу үшін су қоймаларын салу да маңызды. Әсіресе, көктемгі қарғын су мен жауын-шашыннан су көбейген өзендердің суын жинап, жаз айларында тұтынатын су қоймалары керек. Бұл бағыттағы жұмыстар туралы Су ресурстары және ирригация министрлігі толық ақпарат береді деп ойлаймын.

– Рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

АГРОӨНЕРКӘСІПТІ ДАМЫТУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Елімізде агроөнеркәсіп кешенін дамыту – басты мәселенің бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл мен агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте ауыл халқының 85%-ы тұратын тірек ауылдарды дамыту аса қажет екендігін атап өткен болатын.

Бердібек ҚАБАЙ

Тірек ауылдарды дамыту үшін бұл елді мекендерді жолдармен, қолжетімді байланыс интернетпен, инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бірінші кезекке шығуға тиіс. Сонымен қатар ауыл тұрғындары үшін білім, мәдениет және спорт нысандарын дамытып кез келген ауыл баласының шынық та шымыр болып өсуіне қолайлы жағдай жасалуы керектігі тағы бар.

Осыған дейін Үкімет агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын қабылдаған болатын. Мемлекет басшысы жобаны іске асыру барысында еңбек өнімділігін 2,5 есеге арттыруға агроөнеркәсіп кешені өнімдерінің экспортын екі есеге ұлғайту, инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен 1 млн ауыл тұрғынының табысын тұрақты түрде арттыру қажет деген бірқатар тапсырмалар жүктеген. Бүгінде аталмыш жоба аяқталуға жақын. Бұл мақсатта мемлекет қазынасынан әр жыл сайын қыруар қаржы да қарастырылған. Мысалы, 2021 жылы 471,9 млрд теңге бөлінсе, 2022 жылы 414,1 млрд теңге, 2023 жылы 485,6 млрд теңге қарастырылған екен. Ал 2024-2025 жылдарды қоса алғанда жұмсалатын қаражат 1 331,7 млрд теңгеге жетпек. Жалпы, жобаны ұлттық деңгейде жүзеге асыру мақсатында ел қазынасынан бес жыл бойына 2 703,3 млрд теңге қарастырылған.

Елімізде шамамен 6 293 ауылдық елді мекендер бар. Бұл ауылдарда тұрақты мекен етіп отырған халықтың жалпы саны шамамен 7,7 миллионнан асып отыр. Қазір бағдарлама негізінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту маңызды. Атап айтқанда, жаңа мектептер мен медициналық нысандар салынып, сумен және электрмен үздіксіз жабдықталу үстінде. Ауыл жолдарының сапасы жақсарып, кітапхана, клуб, музей және кинотеатр, спорт ғимараттары сынды мәдени нысандар салынып, халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылу үстінде. Одан бөлек, тұрғын үй құрылысын жандандыру үшін жаңа жер учаскелеріне инженерлік коммуникацияларды жүргізу жұмыстары жалғасын тауып оытр. Бұл ретте ауылдық елді мекендерде өз қызметкерлеріне үй салып берген жұмыс берушілердің шығындары жалпы алаңы 100 шаршы метрден аспайтын үй құнының 50%-ы мөлшерінде субсидиялау да қарастырылып отыр. Өз кезегінде бұл да халықтың ауылдарда тұрақтап өңірлердің өз бетінше дамуына үлкен серпін болатыны рас. Жоғарыда аталған мәселелердің кедергісіз жүзеге асырылуын еліміздің Ауыл шаруашылығы министрлігінен бөлек, ел Үкіметі де қатаң бақылауында ұстап отырғаны белгілі. Бұған «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламаларындағы межелі басымдықтарды да қосуға болады.

Одан бөлек, ауылдық жерлердегі қоғамдық қауіпсіздікті күшейту үшін заманауи учаскелік полиция пункттерін салу, аудан орталықтарында бейнебақылау жүйесін енгізу, ауылдарда жаяу жүргіншілер жолдары мен мал айдау аймақтарын белгілеу де жоспар тұжырымдамасынан тыс қалып отырған жоқ. Оған қоса, шекаралас ауылдық елді мекендерді дамытуға ерекше назар аударыла бастады.

Елдар ҚАБА (*коллаж*)

Сонымен қатар «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында да біршама жұмыстар жүргізілуде. Ауылдағы ағайын үшін ең басты нәрсе – су мәселесі мен кедергісіз жолдың болуы. Сонымен қатар ауылды дамытуға бағытталған ұлттық жоба аясында кезеңкезеңімен іске асырылып келе жатқан жобаның арқасында бірінші кезекте ауыл халқының өмір сүру деңгейі жақсарып, тұрмыс тіршілігі алға басуы қажет. Сондай-ақ ауыл жұрты үшін жұмыссыздық мәселесін жою қажет екені белгілі. Үкімет осы бір келеңсіздікті жою мақсатында тағы бір серпіліп тың жоба қабылдаса деген пікір де бар. «Екі қолға бір күрек» табылып, күнделікті ас-суын айырып отырудың өзі ауылдағы ағайын үшін үлкен демеу болары сөзсіз. Бұл орайда елміздің әр өңірінде агроөнеркәсіп кешенін дамытудың ұлттық жобасы аясында ауылдық жерлерде жұмыс орындары ашылып, біртіндеп кәсіпорындар өз істерін дөңгелетуде. Тіпті, жеке кәсіпкерлікті қолдаудың түрлі тетіктері пайда болып жатқаны жасырын емес.

Анар ФАЗЫЛЖАН:

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ТІЛІМІЗДЕН ІЗДЕГЕН ЖӨН

(Басы 1-бетте)

Демек, үлкенді құрметтеу құндылығының өзінің тілдік концептілері болады. Концепті дегеніміз – танымның ең кішкентай бірлігі. Тілдік концепті дегеніміз – сол танымының ең кішкентай бірлігінің тілдегі сөз, фразеологизм, мақал-мәтел, тағы басқа бірлік түріндегі көрінісі. Міне, сондықтан жалпыұлттық құндылықтар туралы әңгіме қозғаған кезде тілге тоқталмай кету мүмкін емес. Осы жерде зиялы қауымның, әсіресе тілтанушы ғалымдардың атқаратын рөлі зор деп айтар едім. Бүгінгі күні адамзат баласы қандай қоғамға айналды? Жаһанданудың әсерімен бүкіл адамзат қазір бір ғана қоғамда – жаһаниятта өмір сүріп жатқандай көрінеді. Егер бұған дейін әртүрлі мәдениет, түрлі өркениеттің шекарасы айқын көрініп, өзіндік ұстанымы, ерекшелігі оқшау әрі айқын білінетін болса, бүгінде олар өзара араласып, жаһандық өкілінің барлығына тән ортақ қасиеттер күн сайын артып, барлық ұлт пен ұлыстың жалпыланып келе жатқанын байқап отырмыз. Бұл қандай жалпылауыштар? Олардың әсері оң ба, теріс пе? Оларды зиян деп бағалай салуға болмас, бірақ пайдасымен қатар кеселі де аз емес. Ол компьютербастылық, уақыттың тапшылығы, цифрлық, клиптік сананың қалыптасуы, ойландырмайтын, адамның бірмезеттік қана қызығушылығын тудыруға қызмет ететін гедонистік ақпарат тасқыны, нақты вербалды, сөзбе-сөз, көзбе-көз коммуникацияның азаюы, виртуалды коммуникация орнының күн санап кеңеюі әрі сол виртуалды коммуникацияның әдеп нормаларының сақталмауы, жүйеленбеуі, тіпті керек десеңіз, қалыптаспауы, тұтынушылық сана мен комфорт қуудың жайлап кетуі, міне осындай құбылыстар қазір барлық жаһан өкілдерінің, жалпы барлық елдердің басында бар. Сонда комфорт қуған, компьютербасты, тек тұтынуды көздейтін қоғам болашақта қандай болады? Ол қоғамда жалпыұлттық, тіпті жалпыадамзаттық рухани құндылықтар сақтала ма, сақталу керек пе? Әрине, сақталуы керек.

– Ол үшін не істеуіміз керек?

– Ең алдымен, сол құндылықтардың жоғарыда мен айтқан тілдегі көріністерін жұртшылыққа таныстыру. Мәселен, жалпыұлттық құндылықтардың ұлттық тілдегі көрінісі бірде сөз, бірде мақал, бірде тіркес, бірде фразеологизм түрінде болады. Бұл тілтанушылардың ғана зерттейтін немесе олардың ғана насихаттайтын дүниесі емес. Мұндай білімдер, барлық пәндерде көрініс табуға тиіс. Мысалы, табиғат құбылыстары туралы, жер бетінің жамылғысы туралы, яғни өсімдік әлемі атаулары, жан-жануарлар дүниесі, адамдардың өзара қарым-қатынасы туралы, адамдар арасындағы сыйластық, әдеп, этикет, ахлақ мәселелері туралы қаншама білім осы тілдік бірлікте «консервіленіп», ғасырдан ғасырға өтіп отырды. Бұлар сондықтан да жалпыұлттық құндылықтар деп аталады. Жалпыұлттық құндылықтарды көрсететін білімдер жүйесін қазіргі оқулықтарға жүйелі түрде енгізу уақыты әлдеқашан келді. Қарапайым бір мысалын келтірейін, Президентіміз үнемі айтып жүрген заңды құрметтеу, ахлақты жоғары қою, еңбек адамын сыйлау, әлсіздерге көмек көрсету, қайырымдылық, адал табысқа ұмтылу сияқты қасиеттер жалпыұлттық құндылықтар арқылы қалыптасады. Мұны жас ұрпақ санасына сіңіретін, орнықтыратын құрал – білімдер жүйесі. Ол білімдер жүйесі тілдік бірліктерде сақталады және тілдік бірліктер арқылы санаға барып қонады. Мысалы, қазақта «Сары қарын бәйбіше» деген тұрақты тіркес бар. Бұл – отағасының жастайынан отасып, бірнеше бала сүйген жары ғана емес, әулеттің үлкен құндылығы, құты деген де мағынаны, құндылықты білдіретін тілдік бірлік. Ер азаматтың басына қонған бағы. Егер ол сары қарын бәйбішесін бағаламаса, қадірлемесе, құрметтемесе, онда бүкіл әулеттен береке кетеді, ер-азаматтың, отбасының құты қалмайды. Мұны біз халық аузында сақталған көптеген аңыз, әңгімелерден білеміз. Оның негізгі сюжетінде мына бір оқиға жатыр: жаугершілік заманда бір батырдың соңына түскен жаулары оны қуып келе жатып, жолында төңкеріліп жатқан батырдың қазанын көреді. Оны алып әрі қарай қуады, алдарынан төңкеріліп жатқан шаңырағын көреді. Сонда да тоқтамай қуып, бір төбеден асқанда сары қарын бәйбішесінің отырғанын көреді. Сол кезде қуғыншылардың ішіндегі біреуі «мұны енді әрі қарай қуудың қажеті жоқ, сүлдерінен басқа ештеңесі қалмады, бұл өлімнен бетер қиын күйге түсті, далада қаңғып, абыройсыздықпен өледі» дегенді айтқан екен. Себебі қара қазанын төңкеріп кеткені, мен өзімнің өмірім үшін сіздерге несібемді бердім дегені, шаңырағын төңкеріп кеткені – әкемнен қалған шаңырақты, барлық мұрамды бердім дегені, ал сары қарын бәйбішесін қалдырып кеткені – бүкіл әулетімнің абыройынан, бағынан, дәулетінен айырылдым дегені деп айтқан екен. Міне, тілдегі осы бір ғана тіркес қаншама ақпаратты беріп, отбасының, оның ішінде ананың, сүйікті жардың, әйелдің құндылығын көрсетіп тұр. Осы тұста мұндай білімдерді жинақтап, жүйелеуде, оқулықтарға енгізуде, көпшілік алдында насихаттауда ғалымдардың рөлі өте зор.

– Сіз Ұлттық құрылтай отырысында Қазақстандағы барлық оқулықтың контентін, осындай ұлттық білім жүйесімен толықтыру жөнінде ұсыныс айттыңыз. Осы жөнінде тарқатып айтып берсеңіз?

– Мысалы, сұлулық деп алайық, ол да құндылық. Ал қазақта сұлулықты көрсетудің өзіндік символдары, эталондары бар. Мысалы, сұлу қызды «он төртінші айдай көркем» дейді. Бұл жердегі «он төртінші ай» деген жаңа туған айдың он төрт күннен кейінгі дөп-дөңгелек болып тұрған кезі. Бұл – қазақта айдың жаңасы. Дөңгеленіп тұрған ай он үш-он төрт күннен кейін азайып, қиақтанып жоқ болады. Бұл кезеңді «ескі ай» дейді. Яғни, он төрт күн жаңа ай, толған ай, он төрт күн ескі ай – бір айлық цикл. Қазақтың «ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деген тілегі бір ай бойы өзіне жақсылық сұрау дегенді білдіреді. Он төртінші айдай көркем деген сөйлемнің мағынасын, мазмұнын кезінде барлық қазақ білген. Оның астарында жердің серігі, аспан денесі туралы нақты, рационалды халықтық астрономиялық білімдер жатыр. Мұндай білімдермен біз оқулық мазмұнын толықтырсақ, бір жағы табиғат, адам, қоғам туралы өз ұлтымыздың ғасырлар бойы жинақтаған, білімдерін, олардың ішінде басқа ұлт байқай қоймаған терең мазмұнды қалтарыстар да болады, балаларға үйретеміз. Екінші жағы, құндылықтарды бойларына сіңдіреміз.

– Мемлекет басшысы қазақ тілінің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты әрі мызғымас ұстанымы болып қала беретінін айтты. Өзіңіз басқаратын Тіл білімі институты мемлекеттік тілді дамытуда нақты қандай іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр?

– Президентіміз қазақ тілін дамыту үшін нақты іске көшетін уақыт келді деді. Біз осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, виртуалды кеңістіктегі қазақ тілін, виртуалды тіл білімін дамытуды қолға алдық. Себебі қазір барлық өмір реалды кеңістікте ғана емес, оның проекциясы болып табылатын виртуалды кеңістікте де өтіп жатыр. Қазақ тілінің өміршеңдігі, болашағы үшін оның виртуалды кеңістікте контентін көбейту, жақсарту керек. Осыған байланысты Тіл білімі институты қазақ тілінің ақылды мәтіндер базасын жасады. Ол Қазақ тілінің ұлттық корпусы (www.qazcorpus.kz) деп аталады. Сайт кез келген пайдаланушыға тегін қолжетімді. Мұнда тілдің барлық стилі бойынша жинақталған, жалпы көлемі шамамен елу миллион сөз қолданысқа жететін «ақылды» мәтіндер берілген. Мәтін құрамындағы кез келген сөздің тілтанымдық паспорты жасалған. Мысалы, сіз сол ресурсқа кіріп бір сөзді іздейтін болсаңыз, сол сіз іздеген сөз қолданылған барлық контекст және олардың дереккөзі туралы ақпарат шыға келеді. Ол сөздің сөйлем ішіндегі түрленіміне түгел талдау жасалады. Қазір ұлттық корпустың негізгі, тарихи мәтіндер, мәдени-репрезентативті (қазақ мәдениеті өкілдері үшін түсінікті), Ахмет Байтұрсынұлы мәтіндері, ономастикалық, мақал-мәтелдер, жарнама мәтіндері, қазақ-орыс параллель мәтіндер, оқу мәтіндері, ауызша мәтіндер, диалектілік, жазушы мәтіндері, фразеологизмдер сияқты оннан астам ішкорпусы іске қосылып, халыққа тұтынуға беріліп тұр. Тағы да бірнеше ішкорпус әзірленіп жатыр. Корпус – тек тілді оқып үйренем деушілерге ғана емес, кез келген сала маманы үшін де аса пайдалы ақпараттық-инновациялық құрал. Өз саласына қатысты қандай да бір тілдік қолданысты іздеу арқылы сол сөздің немесе қолданыстың қандай авторда, қандай дереккөзде пайдаланылғанын түгел көре алады және сөз мағынасы, оның уақыт өте келе қалай түрленгені туралы да ақпаратты біледі. Бұдан да басқа толып жатқан алуан түрлі ақпараттарға қол жекізеді. Сондықтан мұндай жобаларды дамыту аса маңызды. Мәселен, Ресейдің Яндекс компаниясы о баста орыс тілінің ұлттық корпусын әзірлеумен айналысты. Ал бүгінгі күні сондай үлкен тәжірибенің арқасында Яндекс тұтынушымен вербалды коммуникацияға еркін түсе алатын жасанды интеллект Алисаны шығарып отыр. Біздің де өзіміздің жасанды интеллектіміз болу үшін мұндай корпустардың үздіксіз дамытылып, жетілдіріліп отыруы қажет. Институт болашақта осы істі тоқтатпайды.

– Былтыр Түркістанда өткен құрылтайда сіз қазақ тілі цифрлық кеңістікке шығуы керек деген пікір айттыңыз. Осы жұмыстардың атқарылу деңгейі жайында айтсаңыз?

– Қазақ тілін цифрлық кеңістікке шығару мәселесін Президентіміз де өткен құрылтайда атап өткен болатын. Институт осы кезеңде цифрлық ресурстар әзірлеу жұмысын қарқындата түсті. Бұл жұмыстар Институтта XX ғасырдың 90-жылдарының соңында профессор Асқар Құдайбергенұлы Жұбановтың іргелі ғылыми-зерттеулерінде бастау алған еді. Ол кісінің шәкірттері және Институттың басқа да сала мамандары іргелі зерттеулердің нәтижесін пайдалана отырып, түрлі цифрлық ресурс әзірледі. Оның бірі – ұлттық корпус, ол туралы жаңа айтып өттім. Енді бірі – қазақ сөздік қорының картотекалық базасы. Қазақ сөздік қорының картотекалық базасы бұрын қағаз түрінде ғана қолданыста болып, Институттың қоймасында сақтаулы тұратын. Ол тек тілтанушы ғалымдарға ғана қолжетімді еді. Бүгінгі күні Институт біздің жетекшілігімізбен осы төрт жарым миллион қима қағаздан тұратын қазақ сөзінің Ұлттық қорын цифрландырып, үлкен сайтқа орналастырды. tbikartoteka.kz сайтына кіріп, өзіңізге қажет сөзді іздейтін болсаңыз, сол сөзге қатысты карточкаларда жазылған барлық контекстер сізге қолжетімді болып шыға келеді. Тілтанушы ғалымдар карточкаларды өткен ғасырдың 40-жылдарынан бастап, 1990 жылдың соңына дейін жиналған. Демек, кез келген қызығушыға қазір цифрлық кеңістік арқылы қолжетімді. Сол сияқты Институт қазақ мәтінін автоматты тану бағдарламасы бойынша да жұмыстарды бастады. Бұндағы көздегені – PDF сияқты нұсқадағы мәтіндерді тірілту үшін Word-қа автоматты түрде аудару. Иә, қазір мұндай аударатын бағдарламалар бар, бірақ бір өкініштісі, оларда аударылған мәтінде қате өте көп кетеді. Ал қазақ мәтінін авторматты танудың жетілдірілген жүйесі әзірленетін болса, қате саны азаяды, сонымен бірге электронды кітапханалардың мәтіндерін оқырман үшін «тірілту» мүмкіндігі туады. Бұл жерде тірілту дегеніміз электронды кітапханаға кіріп, сіз оқып отырған кітап мәтінінің ішіндегі қандай да бір сөзді тінтуірмен бассаңыз, сол сөзге қатысты тілтанымдық немесе энциклопедиялық ақпараттар сізге қолжетімді болады. Міне, осындай бағдарламалар қазақ мәтінін автоматты тану жүйесі арқасында жасалады. Институт қазір осындай зерттеулерді жүргізіп отыр.

> *Ресейдің Яндекс компаниясы о баста орыс тілінің ұлттық корпусын әзірлеумен айналысты. Ал бүгінгі күні сондай үлкен тәжірибенің арқасында Яндекс тұтынушымен вербалды коммуникацияға еркін түсе алатын жасанды интеллект Алисаны шығарып отыр. Біздің де өзіміздің жасанды интеллектіміз болу үшін мұндай корпустардың үздіксіз дамытылып, жетілдіріліп отыруы қажет. Институт болашақта осы істі тоқтатпайды.*

– Қазақ тілінің қолдану аясы кеңейіп бизнесте, басқа салада қолданыла бастағаны байқалады. Ал ғылым, техника саласына тереңдеп енуіне не кедергі?

– Ғылым мен техника саласына қазақ тілінің тереңдеп енуі үшін сол салада қазақ тілінде шығармашылықпен айналысатын, өз өнімдерін қазақ тілінде әзірлейтін ғалымдар мен мамандар қажет. Ал енді мұндай ғалымдар көбею үшін, әсіресе жаратылыстану ғылым саласында ізденістерді қазақ тілінде жүргізетін зерттеушілер қатары арту үшін қоғамның ғылыми санасын көтеру аса қажет. Егер біз қоғамының ғылыми санасын өзге тілде ғана қалыптастыратын болсақ, онда жалпыұлттық санамызға үлкен нұқсан келеді. Себебі ұлттық сана тұтас дүние сияқты көрінгенмен, ол бірнеше элементтен құралады. Ұлттық сананың тарихи сана, тілдік сана, діни сана, эстетикалық сана, құқықтық сана сияқты т.б. бірнеше түрі бар. Соның ішіндегі ең мықтысы – ғылыми сана. Егер ғылыми сана сол ұлттың өзінің тілінде қалыптаспайтын болса, онда сол ұлт өкілдерінің түсінігінде қазақ тілі, яғни олардың ана тілі ғылымның терең қалтарыстарын жеткізуге қауқарсыз тіл деген нигилистік сезім қалыптасады. Бұл өте қауіпті. Ал ғылыми сана ойсыраған ұлт қандай қауіптерге ұшырайды? Ең алдымен, деструктивті элементтер күшеюі, экстремистік сана белең алуы мүмкін. Себебі ғылыми сана бар жерде мұндай теріс құбылыстарға жол жоқ. Ал ғылыми сананы қалыптастыру үшін не істеуіміз керек? Ғылыми сана қай кезде қалыптасатынын ғалымдар айтып берген, ол баланың 9-12 жас аралығы, әсіресе сол кезеңде бала тұтынатын ақпараттардың ішінде ғылыми контентті, оның сапасын арттыру керек. Ғылыми ақпараттарды жасөспірімдерге қызықты түрде насихаттайтын телеарналар, интернет ресурстар, әлеуметтік желілердегі контент, мерзімді басылымдар аса қажет. Бір өкініштісі, мұндай дүниелер Қазақстанда тым аз десек болады.

– Заманауи технологияның қолданыс мүмкіндігі жастар арасында қазақ тілінің таралуына да септігін тигізіп жатқандай. Дегенмен тіл тазалығын сақтауда, қазақ тілін дұрыс қолдануда қателікке бой алдыру қаупі жоқ па?

– Иә, заманауи технологиялар қазақ тілін насихатталуына, әсіресе жастар арасында кең таралуына септігін тигізіп жатыр. Бірақ виртуалды коммуникация, чат коммуникациядағы тіл мәдениетінің мәселесі тек қазақ тілі үшін емес, жалпы барлық дамыған тілдер үшін қазір өзекті болып тұр. Осындай нәрсеге жол бермеу үшін осы технологиялардың өзінде тіл нормаларын, тіл стандарттарын әдеби тілді, ресми қарым-қатынастағы кітаби стильдердің ерекшеліктерін насихаттауды жолға қою керек деп ойлаймын. Соңғы кездері әртүрлі интернет желілері арқылы қазақ тілінің нормаларын насихаттайтын алуан түрлі форматтағы өнім көбейді. Олар аудио, видео түрінде де, подкаст түрінде де таралып жатыр. Бірақ бір өкініштісі, сол аудио, видеоны жасаушы қауым осы нормаларды, әдеби тілдің нормаларын әзірлеп отырған Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен тікелей байланыс орнатуға барлығы бірдей асықпай жатады. Мен осы орайда AIQYN газеті арқылы бір ұсыныс айтқым келіп отыр. Яғни, сіздердің осындай тіл жанашырларының әрекеттеріне ерекше қолдау білдіре отырып, оларды бізбен әріптестікте жұмыс істеуге шақырамын.

– Мемлекет басшысы қоғамда түрлі пікірге өзек болып отырған Мемлекеттік нышандарды жаңғырту, Елтаңбаға өзгеріс енгізу жайлы ұсыныстарды да ескеріп, бұл мәселені көптің талқысына салып көруді айтты. Осы жайында көзқарасыңыз қандай?

– Президентіміздің құрылтайдағы Елтаңбадағы өзгеріс енгізу туралы ұсынысы қоғамда ең көп талқыға түсіп жатыр. Бұл мәселеге қатысты мамандардың жан-жақты терең сараптамасы қажет деп ойлаймын. Бұған үлкен кәсібілікпен, үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Сол саланың, геральдика саласының және осындай нышандарды әзірлеуге қатысты басқа да барлық сала мамандарын тарта отырып, бұл мәселені асықпай қараған жөн деп санаймын.

– Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Бауыржан БАЗАР

Елдар ҚАБА (*коллаж*)

ЖЕМҚОРЛАРҒА КЕШІРІМ БОЛМАУ КЕРЕК

Жемқорларды заңмен жазалағанда аяушылық болмау керек. Соның ішінде мүлкін тәркілеу жағы елімізде әлсіз болып тұр. Осы кемшілік олардың жазасын түрлі жолдармен тез өтеп шығып, одан әрі шалқып өмір сүруіне мүмкіндік беріп отыр. Сарапшылар оны қатаңдатудың тиімді жолдарын ұсынады.

Нұрлан ҚОСАЙ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУДЫ ТОҚТАТҚАН ДҰРЫС ЕМЕС

Былтыр коррупцияға батқан елдердің әлемдік рейтингінде алдыңғы жылмен салыстырғанда 3 балл артық жинап, жағдайын сәл жақсартқан Қазақстан 100-ден 39 балл ғана ала алды. Осылайша, 180 мемлекеттің ішінен 92-орынға ие боп, ең сыбайлас жемқорлық жайлаған елдер тізімінен шыға алмай қалды. Бұл рейтингті жасайтын Transparency International халықаралық антикоррупциялық қозғалысы 50-ден төмен ұпай жинаған елдерді парақорлық дендеген мемлекет деп есептейді. Сол айтқандай, коррупциялық қылмыстар мемлекетіміздің, қоғам мен жеке тұлғалардың мүдделеріне орасан зор зиян келтіріп отыр. Әсіресе, мүліктік шығын миллиардтаған теңгені құрайды. Мәселен, 2021 жылы сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша қылмыстық істерден келген шығын көлемі 9 миллиард 655 миллион 348 мың теңге болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 12 миллиард 348 миллион 425 мың теңгені құраған. Ал былтыр тіпті 51 млрд 36 млн 153 мың теңгеге бір-ақ жеткен. Неге олай? Оның себебі көп. Соның негізгілеріне тоқталып өтелік. Біріншіден, жемқорлардың мүлкі тәркіленбейді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында құқық қорғау және арнайы органдар басты назарды жасалған қылмысты дәлелдеуге, яки оның айғақтарын табуға салады. Ал тәркілеуге жататын мүлікті тінту мен анықтауға тиісті көңіл бөлінбейді. Өйткені бұл органдарда онымен айналысып отыратын мамандар жоқ. Осылайша, әшкереленуден қорқып, қылмыстық жолмен тапқан активін алдын ала жасырған жемқорлардың келтірген залалы өтелмей қалады. Оған бір мысал, былтыр Қылмыстық кодекстің 366-бабымен пара алғаны үшін 198 адам сотталған. Солардың тек 18-і ғана мүлкін тәркілеу түріндегі қосымша жазаға тартылған. Сол сияқты Қылмыстық кодекстің бөтеннің сеніп тапсырылған мүлкін ысырап еткені немесе жымқырғаны үшін жауапкершілік қарастырылған 189-бабы бойынша 517 адам сотталған болса, олардың тек 9-ының ғана мүлкі «кәмпескеленген». Мұндай статистика коррупционерлерге қарсы конфискация жазасының қолданылмайтынын көрсетеді.

«Бұл жерде негізгі мәселе Қылмыстық кодексті шектен тыс либерализациялауда жатыр. 2014 жылы басталған бұл үрдіс құқық қолдану практикасында қылмыстық жауапкершіліктен босату, жазаны анағұрлым жеңіліне ауыстыру түрінде жиі көрпініс тапты. Бұл қылмыстық саясаттың аса маңызды принциптеріне, әсіресе әділеттілік қағидатына және міндетті жауапкершілік пен жазаның бұлтартпастығы қағидатына теріс әсер етті. Содан келіп қылмыстық қудалау орбитасындағы адамға профилактикалық әсер ету пәрменділігі де әлсіреді. Мәселен, ҚК-нің 65-бабы 1-бөлігінің екінші бөлімі сотқа коррупциялық қылмысты алғаш рет жасаған адамды, шынымен өкініп, айыбын мойындайтын болса, қылмыстық жауапкершіліктен босатуға құқық береді. Бұл дегеніміз, тіпті ҚК 366-бап 4 бөлігіндегі 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған ауыр немесе аса ауыр қылмысты жасаған адамды да соттамауға болады деген сөз. Сондай-ақ оның қылмыстық жолмен алған мүлкі де тәркіленуге жатпайды. Оған белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру түріндегі жаза да қолданылмайды. Мұндай жағдай біздің елімізде болған. Мысалға, аталған баптар бойынша істі болған «Қорғас» мекемесінің бұрынғы басшысы Василий Ни мен сол іс бойынша пара беруге қатысқан М.Сайдуллаеваның қылмыстық жауапкершіліктен босатылғанын келтіруге болады. Естеріңізде болса, олар 1 млн АҚШ доллары көлеміндегі аса ірі парамен ұсталған болатын. Бір қызығы, осы тұлғаларға қатысты қылмыстық іс сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басқармасы тарапынан тоқтатылды», – дейді Әділет министрлігі Заң шығару және құқықтық ақпарат институтының бас ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының докторы, профессор Саттар Рахметов.

> *«Айыппұл салу немесе бас бостандығынан айыру жазасының тиімділігі жоғары деп айтуға болмайды. Мұндағы ең бір нәтижелі шара – конфискация болар еді. Бірақ коррупционерлер қылмыстық жолмен тапқан мүлкін шетелге тығатындықтан, мұндай жаза қолданыла бермейді. Түрлі бағалаулар бойынша, тәуелсіздік жылдарында шетелге 165-450 миллиард доллар аралығында қаражат шығарылған. Қаржы министрлігінің мәліметінше, біздің 30 мыңға жуық шенеуніктер өз активін шетелде жасырып отыр.*

Профессордың айтуынша, бұлайша қылмыстық қудалауды тоқтатқан дұрыс емес. Айталық, 2021 жылы елімізде 1 557 сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелген болса, оның 1 276-сы бойынша сотқа дейінгі тергеу аяқталып, 1 150-і сотқа жолданған. Осы тұста 126 іс ақтауға жатпайтын негізде, 1 096 іс ақтауға жататын негізде тоқтатылған болса, 34 қылмыс бойынша сотқа дейінгі тергеулер үзіліп қалған. 2022 жылы жылы бұл көрсеткіштер: ретіне қарай 1 724 – 1 501 – 1 267 – 234 – 1 117 және 99 қылмыс болған, ал былтыр: 1 692 – 1 451 – 1 221 – 230 – 725 және 142 қылмыс. Бұл деректерден қылмыстық істердің айтарлықтай көп бөлігі сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында тоқтатылатынын аңғаруға болады. Тіпті, 2021-2022 жылдары өндірісі тоқтатылған және мерзімдері үзілген істер саны сотқа жолданғаннан да асып түскен. Сол сияқты жазаның ең жұмсағы – айыппұл салу өте жиі, ал ең қатаң түрі – бас бостандығынан айыру өте сирек қолданылатынын атай кеткен абзал. Мәселен, істі болғандардың 64-74%-ы айыппұлмен құтылады екен. Ал бас бостандығынан айырылғандардың үлесі 30%-ға да жетпейді. Бұл бір жағы жаза тағайындауда алалушылық бар екендігін де аңғартады. Өйткені ауырлығы мен сараланауы бірдей баптардың жазасын таңдауды сот шешеді.

«Айыппұл салу немесе бас бостандығынан айыру жазасының тиімділігі жоғары деп айтуға болмайды. Мұндағы ең бір нәтижелі шара – конфискация болар еді. Бірақ коррупционерлер қылмыстық жолмен тапқан мүлкін шетелге тығатындықтан, мұндай жаза қолданыла бермейді. Түрлі бағалаулар бойынша, тәуелсіздік жылдарында шетелге 165-450 миллиард доллар аралығында қаражат шығарылған. Қаржы министрлігінің мәліметінше, біздің 30 мыңға жуық шенеуніктер өз активін шетелде жасырып отыр. Сондықтан да жазасында мүлкін тәркілеу қарастырылатын коррупциялық немесе өзгедей де қылмыстық іс тіркелгеннен бастап айыпталушының мүлкін іздейтін арнайы жедел топ құрылуы тиіс. Біздің заңнаманың әлсіздігі – осында. Мәселен, шетелдердің қылмыстық заңнамаларында жемқорлық қылмыс жасағандарды жауапкершіліктен босату қарастырылмаған. Айталық, Францияның қылмыстық құқығында қылмыстық жауапкершіліктен босату институты мүлдем жоқ. Тіпті, рақымшылық жасау мен кешірім берудің өзі тек жазадан босату дегенді білдіреді. Германия мен Бельгияның Қылмыстық кодекстерінде де сондай. Немістер тіпті ескіру мерзімі өтіп кетсе де қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды», – дейді профессор Саттар Мұқанұлы.

Оның айтуынша, біздің елде бұған дейін жемқорларға қарсы заңды қатаңдатудың орнына, жұмсартумен келген. Мәселен, 2018 жылы ҚК 46-бабы 5-бөлігінде жазаны жұмсарту қарастырылып, коррупциялық қылмыстар үшін сотталғандар жазасын қауіпсіздігі ең төмен түзеу мекемесінде өтеуге мүмкіндік алған, яки қоныс-колонияларында орналасып, айдауылсыз жүре алатын болған. Бұл олқылық қоғамда резонанс тудырып, 2020 жылы заң қайта өзгертілді. Бірақ коррупциялық 6 ауыр қылмыс бойынша бұрынғысынша жеңілдік сақталып қалып отыр. Сондықтан да елімізде антикоррупциялық заңнамалар әлі де болса қайта қарауды талап етеді. Бір сөзбен айтқанда, жемқорларға кешірім болмау керек. Соның ішінде мүлкін тәркілеу жағын күшейтіп, оларды тайраңдатып қоюға болмайды.

КОРРУПЦИОНЕРЛЕРДІҢ СУРЕТІН ЖАРИЯЛАУ КЕРЕК

«Жемқорлықты жеңуге бола ма?» деген сұрақ әлеуметтік жауапкершілігі жоғары әрбір жанды мазалайтыны рас. «Ендеше не істемек керек?». Мұндай сұрақты біз жемқорлықпен қарсы күрес мақсатында құрылған «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестіктің жетекшісіне де қойған едік. Дидар Нұркенұлы толық жеңуге болмаса да, деңгейін төмендетуге болатынын айтады. Бұл үшін тек қана бір тәсіл керек. Ол – заңсыз баюға қарсы жауапкершілік енгізу.

«Мысалы, өмір бойы мемлекеттік қызметте істеген, жалақысы 250-300 мың теңге болған адамдар бар. Бірақ тұратын үйі зәулім сарай, мінген көлігі соңғы үлгідегі модель, баласы шетелде қымбат оқу орнында оқиды, әйелі шетелге шопингке барады, жылына бес-алты рет ең мықты туристік қалаларда демалады. Міне, осының бәріне ақшаны қайдан алады? Осы сұрақты міндетті түрде қою керек. Егер осы сұраққа жауап бермесе, автоматты түрде жауапкершілікке тартуға тиіспіз. Әлемде мұндай мысалдар өте көп. Мәселен, Гонконгты алайық, 1970 жылдары ондағы мемлекеттік аппараттың жемқорлық деңгейі 92-93% болды. Олар сол кезде заңсыз баюға қарсы жауапкершілікті енгізді. Енді, міне, қазір бұл ел жемқорлықсыз мемлекет ретінде жоғары деңгейде тұр. Сондықтан елімізде заңсыз баюды енгізгеннен кейін ғана біз жемқорлықты жеңе аламыз. Бірақ бізде мұндай жауапкершілік 2027 жылдан бастап енгізілгелі отыр», – дейді «Әділдік жолы» РҚБ-ның бірлестік директоры Дидар Смағұлов.

Оның айтуынша, жемқорлықты заңмен тыйым салып, санкциялық немесе пенитенциарлы жолмен жеңу мүмкін емес екен. Өйткені ол –әлеуметтік немесе қоғамдық проблемадан бұрын, психологиялық проблема. Мысалы, Қытайда өлім жазасы бар. Жылда мыңдаған шенеуніктер ұсталып, көпшілігі ең қатаң жазаға тартылып жатады. Бірақ статистикасында жемқорлық деңгейі төмендеп жатқаны көрінбейді. Сондықтан да заңды қатаңдата түсу қажет болар, бірақ екінші жағынан, бірлескен антикоррупциялық мәдениетті де қалыптастыру керек.

«Мемлекет пен қоғам бірігіп күресуге тиіс. Мәселен, 2018-2019 жылдары жемқорлардың тізімін суретімен бірге жариялау керек деп ұсынғанбыз. Сол кездегі Антикордың төрағасы Алик Жатқанбайұлына бұл мәселені бірнеше рет айтқанбыз. «Әртүрлі жоспарларға, тұжырымдамаларға осындай шараны енгізу керек», – дедік. Мен өзім антикор қызметкері ретінде де мұны жеткіздім. Ол бастамамыз қолдау тапты. Енді бұл шара биылдан басталады. Тиісті заңға қол қойылды. Алдағы уақытта жемқорлардың тізімі жарияланатын болады. Бұл да оларды қоғамнан шеттетудің, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың бір жолы. Міне, осы секілді батыл қадамдар қажет», – дейді ол.

Десе де, жаңа жылдың алғашқы тоқсаны өтіп барады. Жемқорлардың суреті мен тізімі әлі жоқ. Бұл да болса, парақорлықпен күресте үлкен тайталастың барын білдірсе керек. Бәлкім, Асқар Жұмағалиұлы басқаратын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі үшін жаңа жыл наурыздан басталатын болар. Қандай жағдайда да антикордың жемқорлықпен ымырасыз күрестегі қажырлы еңбегіне тек қана тілектеспіз!

ТАТУЛАСТЫРУ – ЕЛ БІРЛІГІНІҢ НЕГІЗІ

Еліміздің сот жүйесінің негізгі қағидаттары Конституцияға сәйкес жүзеге асырылады. Ата Заңымыздың негізінде Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Қазақ билерінің төрелік айту дәстүрі тәуелсіз Қазақстанның тарихында сот жүйесіндегі татуластыру рәсімдерімен жалғасты. Қазір соттар тараптардың татуласуы үшін шаралар қабылдайды, оларға дауды процестің барлық сатысында реттеуде жәрдемдеседі. Өзара келісімге келген тараптар татуласу келісімін, медиациялық немесе партисипативтік келісім жасап, дауды реттей алады.

Бұл ретте Қызылорда облысының соттары да сот төрелігін тәуелсіз, бейтарап және әділетті жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып, адам құқықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі қызмет атқарып, азаматтардың сотқа деген сенімін арттыруға, халық арасындағы дауласу деңгейін азайтуға өз үлесін қосып келеді.

Бүгінде сот жүйесінде даулардың және құқықбұзушылықтардың кейбір санаттарын тараптардың татуласуымен аяқтауға мүмкіндіктер берілген. Мәселен, Қылмыстық кодекстің 68-бабы татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуға арналған. Онда қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататыны көрсетілген.

Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Дегенмен де қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша кейбір санаттағы қылмыстық істерді тараптардың татуласуымен аяқтау мүмкін емес. Атап айтқанда, азаптаулар, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар, абайсызда адам өліміне не екі және одан көп адамның өліміне алып келген қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс жасаған адамдарға медиация тәртібі қолданылмайды.

Осы ретте статистикалық мәліметтерге тоқталып өтсем. Қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылатын істердің санатында Қызылорда соттарында татуласумен аяқталатын істердің көбейгенін байқаймыз. Былтыр Қызылорда соттарының өндірісіне 1 148 қылмыстық іс түскен. Істердің түсуі алдыңғы жылмен салыстырғанда көбейген. Барлығы 1 141 қылмыстық іс 1 212 адамға қатысты аяқталса, осы істердің ішінде 17 адам сот үкімімен кінәлі деп таныла отырып, жазадан босатылған. Яғни, Қылмыстық кодекстің 68-бабы 1-бөлігіне бойынша сот үкіміне сәйкес жәбірленушімен татуласуына және келтірілген зиянды қалпына келтіруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған.

Сонымен қатар қылмыстық істер бойынша 177 адамға қатысты 152 қылмыстық іс қысқартылса, оның ішінде 147 іс тараптардың татуласуына байланысты қысқартылған. Мұның өзі, әрине көңіл қуантарлықтай нәтиже. Қылмыстық құқықбұзушылық орын алса да, азаматтардың өзара келісімге келіп, істі ымырамен аяқтауға тырысқандары қуантады.

Азаматтық істер бойынша статистикалық мәліметтерге тоқталып кетсек, 2023 жылы Қызылорда облысы соттарының өндірісіне 21 670 талап қою түскен. Алдыңғы жылмен салыстырғанда, талап қоюдың түсу көрсеткіші 3 213-ке немесе 14,82%-ға көбейген.

Көбею көрсеткішінің басым бөлігін банктік келісімшарттар бойынша және нотариалдық іс-әрекеттерге шағым жасау санатындағы арыздар мен шағымдар құраған және бірнеше рет қайталанып түсіп отырған.

Былтыр Қызылорда облысының соттарында барлығы 17 435 азаматтық іс аяқталған. Оның ішінде татуласу рәсімдерімен 2 563 іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған. Жекелей тоқталатын болсақ, татуласу келісімімен 77 іс, партисипативтік тәртіппен 24 іс, медиация тәртібімен 2 324 іс аяқталған.

Татуласу рәсімдерінің көмегімен істерді аяқтау барысы әкімшілік істерде де нәтижелі жүзеге асып келеді. Өткен жылы Қызылорда облысының соттарында әкімшілік істер бойынша 1 239 әкімшілік іс қарауға түскен. Бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 50,2%-ға көбейген. Істердің санаттары туралы айтсақ, жер дауы, сот орындаушыларының әрекетіне дау айту, мемлекеттік сатып алу, салық дауы, тұрғын үй даулары, еңбек дауы, мүліктік даулар, мемлекеттік қызмет саласындағы даулар, құқық қорғау саласындағы даулар әкімшілік соттардың қарауына жиі түседі.

2023 жылы барлығы 1 137 әкімшілік іс аяқталған. Оның ішінде 295 іс татуласу рәсімдерімен аяқталған, 292 медиация, 3 бітім келісімі бекітілген. Бұл барлық аяқталған істердің 25,9%-ын құрайды және республика бойынша орташа көрсеткіштен жоғары. 2022 жылмен салыстырғанда, бұл көрсеткіш үш есеге жуық артқан.

Сонымен қатар былтыр 595 әкімшілік талап қою қайтарылған, оның ішінде 295 әкімшілік талап тараптардың өзара бітімгершілікке келіп, дауды келісіммен аяқтау туралы ымыраға келуіне байланысты қайтарылған.

Қазақ халқы ертеден сөзге тоқтай білген. Сол себептен болар, сот жүйесінде іске асырылып жатқан татуластыру шаралары өзінің тиімділігін көрсетуде. Бұл ретте халықты татуластыруға, дауларды азайтуға Қызылорда облысының соттары ерекше үлестерін қосуда.

Би-шешендеріміз ұлт бірлігін нығайту мәселелерін келелі жиындарда талқылап, халық арасындағы келіспеушіліктен туындайтын дауларды шешетін болған. Қызу айтыс-тартыстар ұшығып кетер тұста, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін билер айтқан. Бүгінде билердің төрелік айту дәстүрі сот жүйесінде татуластыру рәсімдері арқылы жалғасын тауып, халық арасындағы дауды азайтуға септігін тигізуде деп сеніммен айта аламыз.

Әділхади ШЫҒАМБАЕВ,
Қызылорда облыстық сотының төрағасы

ҚАРҒЫН СУДЫҢ ӘЛЕГІ

БҚО-да бірнеше бағыттағы автожолды еріген қар суы шайып кеткен. Ал облыстың орталығы Орал қаласының өзінде еріген қар суына кеше түннен бастап жауған жаңбыр суы қосылып, коммуналдық мекеме қызметкерлеріне дес бермей жатыр. Синоптиктер бұл жауын әлі екі күн жауады деп болжауда. Орал қаласы Венеция секілді судың ортасында қалатын түрі бар. Айтпақшы, қызыл су бірнеше үйге де басып кірген. Кешелі бері штабқа 281 өтініш келіп түсіпті.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Орал қаласында еріген қар суына кешелі-бері тоқтаусыз жауған жаңбыр суы қосылып, халықты әбігерге салып жатыр. Көшелерді су алып кеткені сондай жүру мүмкін емес. Ал коммуналдық мекеме қызметкерлері күшейтілген жұмыс режиміне көшіп, күндіз-түні су сору жұмыстарын атқарып жатыр. Бірақ тоқтаусыз жауған жауын шамаға қаратар емес. БҚО-да су тасқынынан зардап шеккендерге көмек ретінде жедел желі іске қосылды.

– Су тасқынының алдын алу жұмыстарына су соратын 70 техника жұмылдырылды. Бүгіннен бастап 100-ден астам техниканы тарту жоспарланған. Сондай-ақ 108 қосымша техника жұмыс істеуде. 18 мың құмды қапшықтар дайындалып, қажетті жерлерге жеткізілуде. Орал қаласында су тасқынының алдын алу бойынша қалалық штаб 15 наурыздан бастап жұмыс істеуде. Қалалық штабтың жедел желісіне тұрғындардан ауласын су басу туралы 249 мекенжай бойынша 600-ге жуық өтініш түсті. Өтініштер көбінесе Зашаған, Деркөл кенттерінен, жеке тұрғын үй секторларынан түсуде, – деді Орал қаласы әкімінің орынбасары Жандос Дүйсенғалиев.

Қаланы су алып кеткені сонша тұрғындар жергілікті билікке өкпелі. Әлеуметтік желіде «Жылда осы, неге бір әкім осы жағдайдың алдын алмайды», «Су тасқынына дайынбыз дегені қайда, үйімізді су басып жатыр, неге суды уақытында сормайды», «Бұл Орал емес, Венеция ғой» деген сарындағы сыни жазбалар көбейді. Тұрғындардың сынына қала әкімінің орынбасары былай деп жауап берді.

– Қаладағы арық жүйесіне қатысты сын көп айтылады. Біз тұрғындардың бұл сынын өте жақсы түсінеміз. Жылда қаладағы арық жүйесін жаңалау және салу бойынша жұмыстар атқарылып келеді. Мәселен, Деркөл кентінде Сарыарқа шағынауданында Б.Майлин, Тақсай, А.Жұбанов және Ә.Қашаубаев көшелері бойынша ұзындығы 3,5 шақырым болатын арық жүйесі салынды. Зашаған кентінде Балауса шағынауданыда Жалаңтөс батыр, С.Рахимов, А.Маметов, Е.Радлов көшесінен Есет батыр көшесіне дейін 1,3 шақырым болатын арық жүйесі салынды. Сонымен қатар Сарытау шағынауданындағы С.Айтқұловпен А.Гужвин көшелері қиылысында, Орал–Саратов тасжолы бойындағы «Алтындар» сауда үйі маңында диаметрі 1 000 мм қосымша су өткізгіш құбырлар салынды, – деді қала әкімінің орынбасары Жандос Асхатұлы.

Кеше түске дейінгі ақпарат бойынша қалада бірнеше үйге су басып кірген. Қазір мамандар нақты қанша үйге су кіргенін есептеп жатыр. Тоқтаусыз жауған жауынның кесірінен қала бойынша 700-ден астам үй жарықсыз қалған. Жалпы, су тасқынына қауіп негізінен өзендерден келеді. Биылғы болжам бойынша Жайық өзені қатты көтеріледі деп отыр мамандар. Ал төтенше-ліктер болса өзендердегі жағдайдың бақылауда екенін айтты.

– Облыс аумағындағы өзендердегі мұздың еруі әзірге қалыпты. Судың көтерілу деңгейі де нормаға сәйкес. Қазір елдің оңтүстік аудандарында атап айтсақ, Бөкей Орда, Казталов, Жаңақала аудандарында қар түгелдей еріп болды. Қаратөбе, Сырым, Теректі, Бәйтерек аудандарында қар еруі жай жүруде. Солтүстік аудандардағы қардың қалындығы 20 сантиметрге жеткен. Одан көп қар жоқ, – деді БҚО Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы Нұралы Мусиев.

Орал қаласы әкімінің орынбасары Жандос Дүйсенғалиев «әзірге төтенше жағдай жарияланбайды» деді. Қазір еріген қар суын сору жұмыстары белсенді жүріп жатыр. Егер су тасқыны бола қалса, саяжайдағы халықты көшіретін 20 шақты орын дайын дейді мамандар. Ал синоптиктер болса, алда әлі екі күн жауын жауады деп болжап отыр.

Айта кетейік, жалпы БҚО бойынша 147 елді мекеннің суға кету қаупі бар. Олардың ішінде 30 шақты саяжай бар. Ал қала маңындағы саяжайларда 20 мыңнан астам адам тұрып жатыр.

Батыс Қазақстан облысы

СЫР МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ ЕДІ

Сыр медицинасының дамуына сүбелі үлес қосқан, Қызылорда облысына еңбек сіңірген дәрігер, денсаулық сақтау саласының үздігі Тәжібай Пазылхаиров дүниеден озды.

Көзі тірісінде антына адал бола білген жанды «аймақ медицинасының жанашыры» атайтындар көп еді. Ақ халатына дақ түсірмеген Тәжібай Қазыұлы халықтың алғысы мен құрметіне бөленген жан болатын.

Пазылхаиров Тәжібай Қазыұлы 1942 жылы 8 желтоқсанда Қызылорда облысы Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылында дүниеге келген. 1959 жылы қазіргі Мұстафа Шоқай ауылындағы қазақ орта мектебін бітірген.

1959-1965 жылдары Алматы мемлекеттік медицина институтында Емдеу ісі мамандығы бойынша білім алды. Дәрігерлік қызметін 1965 жылы Қызылорда қаласы №1 қалалық емханада терапевт дәрігер болып бастаған. Сонымен қатар қалалық Денсаулық сақтау бөлімінде инспектор қызметін қоса атқарды. 1967-1980 жылдары жаңадан ұйымдастырылған Қызылорда қалалық біріккен аурухана бас дәрігерінің емханалар бойынша орынбасары, 1980-1986 жылдары №1 қалалық көпсалалы емхананың бас дәрігері, 1986-1994 жылдары Қызылорда қалалық Денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісі, 1994-2005 жылдары Облыстық туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері қызметтерін атқарған.

Қалалық денсаулық сақтау бөлімі басшысы кезінде Т.Пазылхаировтың ұсынысымен және басшылығымен №1 емхана жаңа ғимаратқа көшірілді. №2, №3, №6 емхана ғимараттары жаңадан салынды. Балаларға медициналық көмек көрсетуді нығайтуда қаладағы №1, №2, №3, №4, №5, №6 емханаларда балалар бөлімшелері, қаланың шет аймағы саналатын «Коммунизм» аумағында №6 емхананың филиалы салынып, онда балалар бөлімшесі, қала ішіндегі қазіргі «Мұнайшы» мөлтек ауданынан аймақтық-дәрігерлік медпункт Балаларды емдеу және денсаулығын қалпына келтіру бөлімдері, халық медицина орталығы, күндізгі емханалар, Сүлейменов көшесі бойындағы «Ардагерлер үйінің» 1-қабатынан балаларға арналған жаңа типтегі стоматологиялық емхана ашылды. Сонымен қатар 3 балалар сүт тағамдарын дайындау асханасы, өндіріс орындарында 20-дан аса медициналық пункт іске қосылды.

Кейінгі уақытта Туберкулезге қарсы күрес саласында еңбек еткен жылдары қалалық туберкулезге қарсы күрес диспансерінде туберкулездің ашық түрімен ауырып, емделуден бас тартқан науқастарды мәжбүрлеп емдеу бөлімі, туберкулездің мультирезистенті түрімен ауыратын науқастарды емдейтін 40 төсек орынды бөлімшені ашып, орталықтандырылған клиникалық-диагностикалық және бактериологиялық зертхана жұмыс принциптерін жаңа талапқа сай ұйымдастырды. Туберкулезді анықтау, тіркеу және емдеудің жаңа ДОТС бағдарламасын енгізуде облыс көлемінде туберкулезге қарсы күресу ісіне Тәжібай Қазыұлының қосқан үлесі зор.

Табиғатынан өте қарапайым, ұйымдастырушылық қабілеті зор, істің көзін білетін азаматтың артында өшпес із, толымды тірлік қалды. Жатқан жері жайлы, иманы саламат болғай...

ҮНДЕМЕС АУРУ ҮМІТТІ ҮЗІП ТҰР

Қазіргі қоғамда қатерлі ісік қаупі өршіп барады. Әсіресе, экологиялық ахуалы асқынған Сыр өңірінде онкологиялық аурулардың көрсеткіші оң нәтиже бермей тұр.

Бір өкініштісі, қатерлі ісік адамның жынысына және жас ерекшелігіне қарамайды. Жасы да, кәрісі де қауіпті індетке шалдығып, соңы қайғылы аяқталып жатқан жағдайлар азаяр емес.

Мәліметке сәйкес, 2023 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша Сыр өңірінде қатерлі ісікпен аурушаңдық көрсеткіші ерлерге қарағанда әйелдер арасында 57,2 пайызға өскен. Ал дертке шалдыққан еңбекке жарамды адамдардың үлесі 59,2 пайызды құрап отыр. Бұл жайында бізге Қызылорда облыстық онкология орталығының директоры Нұржамал Мырзағалиева жан-жақты түсіндіріп өтті.

«Онкологиялық емдеу мекемесі Қызылорда облыстық медицина орталығының ғимаратында 22 жыл жұмыс істейді. Ол жерде бір палатада 8-10 емделушіге дейін жатып, ем алатын. Бөлімшелерде ыстық су қиындық туғызатын. Бертін келе орталықты өз алдына дербес ғимаратқа көшіруге шешім қабылданды. Сол кезден бастап, жаңа ғимараттың айналасын көркейту-көгалдандыру жұмыстары қолға алынды. Осылайша, ем алушылардың аурухана ауласында жасыл желектің саясында демалуына жағдай жасалды. Бір палатаға екі-үш емделушіден жатқызылады. Әр палатада жуынатын бөлмесі мен әжетханасы бар. Төсек-жабдықтары да жаңартылды. Бір сөзбен айтқанда, науқас жандарға барлық жағдай жасалған» – дейді орталық директоры.

Нұржамал Жұмағалиқызының айтуынша, биыл өңірде дертке шалдығу көрсеткіші 2023 жылмен салыстырғанда 9,7 пайызға өскені байқалады. Тек Сыр өңірі ғана емес, дүниежүзі бойынша да бұл індет кең етек алып тұр. Дерекке сүйенсек, әлем бойынша үш індет, оның ішінде онкология, қан тамырлары ауруы және жазатайым оқиға салдарынан көз жұму фактісі өршіп барады екен. Соның ішінде онкологиялық дерттің белең алуы үлкен мәселеге айналып тұрғанын ақхалаттылар да жоққа шығармайды.

Қазір онкологиялық ауруға байланысты үш түрлі скринг өткізіліп тұрады. Соның ішінде сүт безі, жатыр мойны, тік және тоқ ішек ауруларын ерте анықтау мақсатында жұмыстар жүргізіліп жатқанын алға тартады. Дәрігердің айтуынша, бұл тұрғыда сүт безі ауруы 40 пен 70 жас аралығынла әрбір екі жыл бойына зерделенеді. Ең бастысы, дертке душар болған адам дәрігердің нұсқауымен ем алып, белгіленген мерзімге дейін күтімде болса, ауруынан айығып кетуіне мүмкіндігі арта түседі. Өкінішке қарай, көптеген адам толық ем алмай, ауруын одан бетер асқындырып алатын жағдай жиі болады. Сырқатын мейлінше ерте анықтаса, оның қаупі де азайды. Дәрігерлер пікірі осыны меңзейді.

«Қазір орталықта науқас жандардың сапалы ем алуына барлық жағдай қарастырылған. Дәрігерлер тапшылығы да рет-ретімен шешіліп келеді. Бұған дейін реанимотолог маманның жетіспеушілігі болған. Алайда бұл дәрігер мамандардың да орнын толтырдық. Әлі де гематолог сынды бірнеше мамандық бойынша зәрулік бар. Мұны да шешу жолдары қарастырылып жатыр. Бұл дертке қарсы арнайы емханамыз да жұмыс істеп тұр. Дәрігерлер тапшылығы азайып, емдеу сапасының артуы нәтижесінде былтырдан бері дертке шалдыққан науқастарды қабылдау көрсеткіші артты. Яғни, науқас жандарды дер кезінде қабылдап, ем-домын тұрақты жүргізуге мүмкіндік кеңейді. Негізінен аты жаман қауіпті індеттен сақтанудың бірден-бір жолы – әрбір адамның салауатты өмір салтын ұстануы болып табылады. Бірінші кезекте, дұрыс тамақтану тәртібін сақтай отырып, қатерлі дерттен өз-өзін сақтай алады. Сырқаттың бастысы, халық дәрігерге үрке қарамай, кезең-кезеңімен толық тексеруден өтіп тұрған абзал. Бәрі де пациенттің ерте анықталу кезеңіне байланысты. Себебі ауру белгілерін неғұрлым ерте анықтасақ, қауіптің алдын алып, дертінен толық айығып кетуіне мүмкіндігі арта түседі еді», – деп орталық директоры дәрігерлік кеңесін білдірді.

Дәрігердің айтуынша, аурухананы қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз етуде де қиындық жоқ. Бұл тұрғыда 2023 жылдың өзінде 300 млн теңгеден астам қаражатқа қажетті құрал-жабдық жеткізілген. Дәрі-дәрмек қоры да мол.

Ең қорқыныштысы сол, бүгінде онкологиялық аурудың жасару процесі жүріп жатқаны байқалады екен. Соның салдарынан балалар арасында да қатерлі ісікке шалдығу көрсеткіштері бой көрсете бастапты. Дәрігерлер де бұл пікірді жоққа шығармайды.

Қауіпті індеттің Сыр өңірінде өршуін көп жағдайда аймақтың экологиялық ахуалымен байланыстырып жатады. Әсіресе, тұрғылықты халық құрғаған Арал теңізінен көтерілген тұзды шаң, «Возрождение» аралындағы бактериологиялық қалдықтар мен «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы зымырандардың зардабы адамның денсаулығына орасан қауіп тудырып жатыр деген пікірде.

«Қазір Сыр өңірінің экологиялық ахуалы, оның ішінде Арал теңізі тағдыры мен Байқоңыр ғарыш айлағының зардабы көпті алаңдатып тұрғаны жасырын емес. Оның ішінде Байқоңырдан ұшатын зымырандар бірнеше мәрте құлап, төбеміздің улы гептиль жауды. Сол уақытта Ресей тарапынан да, Қазақстан тарапынан да жерімізді гептиль қалдығынан тазарту жұмыстарын экологтар өз деңгейінде жүргізген жоқ. Соның зардабын халық әлі күнге дейін тартып жүр. Ал Арал теңізінің аянышты тағдыры төрткіл дүниеге аян. Әрдайым Арал теңізінің экологиялық ахуалын қозғағанда, Байқоңыр қасіретін де ұмыт қалдырмауымыз керек. Бүгінде бір ғана Байқоңыр қаласының өзінде қатерлі індетке шалдыққандар аз емес. Бұл аурумен емдейтін мекеме облыс орталығында орналасқан. Соның салдарынан аурухана төсегіне жете алмай, үйінде көз жұмған науқас жандар көп. Соған орай әрбір дерт дендеп тұрған өңірден аурухана ашып, науқас жандардың уақытылы ем алуына жағдай жасалуы тиіс деп ойлаймын», – деп пікірін жеткізді Байқоңыр қаласының тұрғыны Кеңшілік Күзембаев.

Жергілікті жұртшылықтың пікіріне сәйкес, Сыр өңірінің, оның ішінде экологиялық ахуалы асқынған Арал маңы тұрғындарының денсаулық жағдайы нашарлай түскені компенсация түріндегі көмекпен өлшенбеуге тиіс. Бұл мәселені шешуде мемлекеттік деңгейдегі кешенді комиссиялық зерттеулер, ақысыз емдеу орталықтарын ашу, емдеу жұмыстарын дереу қолға алу қажеттілігі туындап тұрғанын алға тартады.

«Тоқсаныншы жылдардың басында Арал өңірінде болған экологиялық қасіретке байланысты арнайы заң қабылданды. Бұл Арал тағдырына жанашыр азаматтардың толассыз күресі нәтижесінде қол жеткізілген жетістік еді. Бірақ бертін келе түрлі себеппен заң шеңберінде қаралған 70 пайызға шамалас жеңілдіктері алынып тасталды. Тек қаржылай компенсация көлеміндегі көмектер ғана қолжетімді болып қалды. Бұл Арал теңізінің тартылуынан туындаған экологиялық қасіретті жеңілдеткен жоқ. Есесіне түрлі ауру-сырқау кең етек жайды. 2020 жылы «Арал маңы тұрғындарының, гуморальды иммунитет көрсеткіштеріне экологиялық дағдарыстың әсер етуін» зерттеген Қарағанды мемлекеттік университеті Ішкі аурулар кафедрасы, ғалым мамандар Н.Ахметова, М.Газалиева, Л.Сексенова, Д.Абдикаликова, Г.Эбуова, Б.Кошкарбаева, О.Дедова, С.Мендибай, М.Бекмухамбетовалардың тұжырымы тіпті жаға ұстатады. Зерттеу нәтижесі Арал маңы аймағындағы әйел мен ер адамда әртүрлі жастағы E, M, A, G кластарының иммуноглобулиндерінің мөлшерін анықтауда айтарлықтай айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Оның ішінде экологиялық дағдарыс аймағындағы әйелде барлық төрт кластағы иммуноглобулиндердің көрсеткіштерінің төмен екендігін, ал осы аймақтағы ерлерде Ig E, M және G көрсеткіштер санының айтарлықтай аз екенін айғақтап берді. Ең сорақысы, иммуноглобулин жетіспеушілігі 18-28 жастар арасында тым жоғары деп жазылған. Сол сияқты денсаулық жағдайына қатысты Арал ауданындағы 2022 жылғы соңғы мәліметтерге тоқталсақ, аудан бойынша Псеркинсон ауруы – 32, эпилепсия – 62, ми қан айналымының бұзылуы (инсульт) – 131 адамда кездесетіні белгілі болды. Сондай-ақ балалар мүгедектігі бойынша да көрсеткіш көңіл көншітпейді. Қазір өңірде балалар мүгедектігі – 328 деректі құраса, оның ішінде сусамыр (сахарный диабет) – 15, ойлау қабілетінің жетіспеушілігі (умственная отсталость) – 32, жүйке аурулары – 115 адамға жеткен. Бұған қоса ДЦП - 64, эпилепсия – 9, көз ауруы – 18, құлақ ауруы – 14, туа бітті аномалия бойынша (врожденные аномалии (пороки развития), деформации и хромосомные нарушения) – 100 дерек тіркелген. Осыдан кейін онкологиялық дерттің деңгейін бағамдай беруге болады. Ең қиыны, елімізде әлі де денсаулық сақтау жүйесінде шешімін таппаған мәселе өте көп», – деген ойын бөлісті қоғам белсендісі Нұртуған Тұржанов.

Қалай дегенде де, тұрғылықты халық талай тағдырды жалмап жатқан тажалмен күрес шараларын күшейту қажет деп есептейді. Бұл тұрғыда қауіпті аурудың асқынуына әкеп соқтырған аймақтың экологиялық ахуалы, оның ішінде Арал мен Байқоңыр проблемасы оңтайлы шешілуге тиіс екенін алға тартады.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Атыраулық ғалымның қант диабетіне шалдыққан науқастарға арналған шипалы сусыны өндіріске шығады.

Шұбаттан шипалы сусын жасаған

Өнім Маңғыстау облысында орналасқан AGARGAN ЖШС мен «Ғылым қорының» бірлесе қаржыландыруының нәтижесінде өндіріске шығарылатын болады.

«Софмайя» түйе сүтінен жасалатын жаңа сусынның авторы – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, биология ғылымдарының докторы София Сағындықова.

Адам ағзасына пайдалы дәрумендері мол өнімнің қант диабеті дертіне шалдыққандарға шипасы зор. Сондай-ақ бұл – ана мен баланың өміріне қажетті тағамдық қоректерді беретін органикалық сусын. Бұл өнім еліміздің батыс аймағындағы түйе шаруашылығымен айналысатын қожалықтардың сүт өнімдерін жаңа технологиямен өңдеп, сақталу мерзімін ұзартып, ішкі-сыртқы нарыққа шығаруда бәсекеге қабілетті шырын болады деп күтілуде.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, жаңа өнім аталған министрлік пен «Ғылым қоры» арқылы ғылыми зерттеу нәтижесін коммерцияландыру жобасы аясында грант иеленген.

«Бұл – ғылыми жаңалық 20 жылға жуық зертханалық ізденістерде пысықталған және қазақстандық, халықаралық конкурстарда талай рет жеңіске жеткен гранттық зерттеу жобасы. Өткен жылдың соңына қарай министрліктің Ғылым қоры, университет және жеке серіктестік арасында келісім-шарт жасалды. Жоба құны 403 миллион теңгеден астам қаржыны құрайды», – деді министр.

Ерекше өнімнің авторы, биология ғылымдарының докторы София Сағындықова сусынның қант диабетіне шалдыққан адамдарға пайдасы зор екенін айтты.

«Түйенің сүтінде қант пен лактоза болмайды. Сол себепті де ол организмге жақсы әсер етеді. Көптеген адамдардың иммунитеті төмен. Сондықтан бұл өнімді иммуномодулятор түрінде де қолдануға болады. Антибиотик қабылдаған уақытта міндетті түрде пробиотик ішу керек. Ал пробиотик ретінде осы біздің сусынымызды қолдануға болады», – дейді ғалым.

Ерекше өнімнің авторы, биология ғылымдарының докторы София Сағындықованың айтуынша, қазір өнімді шығаруға дайындық жұмыстары басталып кеткен. «Өнімнің алғашқы үлгілері енді шыға бастайды. Ерекше сусын AGARGAN зауытының 44-ші өнімі болып нарыққа шығатын болады. Әрине, пробиотикалық өнімдер нарықта бар. Бірақ отандық өнімдер аз. Шұбатқа қызылша шырынының қосылуында да үлкен мән бар. Қарапайым тілмен айқанда, қызылша адамның асқазанын босатады. Ішек жолын тазалайды. Біздің өніміміздің құрамында фолий қышқылы, темір, С, В дәрумендері бар. Осылайша, өнім адам ағзасы шлактардан тазалағаннан кейін де дәрумендерді жақсы сіңіруге ықпал етеді», – дейді София Сағындықова.

Ғалымның айтуынша, лабораториялық жағдайда сынақтан сәтті өткен өнімді алғашқы болып оның анасы тұтынған. «Анам қант диабетімен ауырған болатын. Сол себепті ол кісі арнайы диетаны ұстануға мәжбүр болды. Дегенмен менің зертханалық жағдайда жасаған өнімімнің анама әсері жақсы болды. Өнімді белгілі бір уақыт пайдаланғаннан кейін қанындағы қант мөлшері кәдімгідей түсіп, оң өзгерістер болды. Анамдағы жақсы нәтижелерді көріп-білгендер кейін қызығушылық таныта бастады. Бара-бара хабарласқан адамдарға рецептімен бөлісіп жүрдім», – дейді ол.

> *Түйенің сүтінде қант пен лактоза болмайды. Сол себепті де ол организмге жақсы әсер етеді. Көптеген адамдардың иммунитеті төмен. Сондықтан бұл өнімді иммуномодулятор түрінде де қолдануға болады.*

Ал сусынды клиникалық тұрғыда сынақтан өткізу алдағы күндерге жоспарлануда. Одан бөлек, сынақтар санаторий, профилакторийларда да жалғасатын болады.

София Сағындықованың айтуынша, қызылша шырынын тамақ рационына жиі қосу – организмді қант диабетінен сақтандырумен қатар, ағзадағы холестерин мен улы заттарды азайтуға мүмкіндік береді.

«Алайда қызылша шырынын табиғи күйінде ішу мүмкін емес. Өйткені бұл шырын дәмсіз келеді. Сол себептен оны шұбатқа қосудың тиімділігіне ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізіп, түйін жасадым. Шұбат пен қызылша шырыны бірбірінің құнарлылығын толықтырып, адам ағзасына сіңімділігі артады. Мақсат – экологиялық таза шұбат сусынын шығару. Шұбатты ұзақ мерзімге сақтаудың жолдары жайында да зерттеулеріміз бар», – дейді ғалым.

Дәрігерлер 2050 жылға қарай қант диабетіне шалдыққандар саны әлемде миллиардтан асуы мүмкін деп болжайды. Оған себеп – адамдар арасында семіздіктің белең алуы. «Қант диабетімен ауыратындар – көбінесе жастар», – дейді мамандар.

Мамандардың айтуынша, дұрыс тамақтанбау және фаст-фуд, тез дайындалатын тағамдар мен тәттілерді мөлшерден тыс қолдану адам ағзасындағы көмірсулардың көбеюіне әкеледі.

«Қант диабетінің алдын алу үшін қандағы қантты бақылау керек. Егер ол көтерілсе, эндокринологпен байланысып, қаралған дұрыс. Қажет жағдайда дәрігер дәрі-дәрмек тағайындайды. Оларды дұрыс қабылдап, барлық ұсыныстарды орындаса аурудың күшеюіне жол бермеуге болады. Сондай-ақ тамақтануды қадағалап, азық-түлік пирамидасының қарапайым ережелерін орындау маңызды», – дейді эндокринолог-дәрігер Анна Чичибабина.

Қазақстанда ғана емес, әлемнің жетекші елдерінің ғылыми ортасына есімі жақсы таныс микробиолог ғалым Софья Сағындықова, осылайша қазақтың ұлттық сусынының бірі – шұбаттың құнарын қызылша шырынымен байытып, ғылыми жаңалық ашып қана қоймай, экологиялық таза өнімнің өндіріске шығуына себепкер болып отыр. Бұл да болса, дені сау ұлт қалыптастыру жолындағы отандық ғылымның үлкен қадамы.

Баян ЖАНҰЗАҚ

ДУМАНДЫ «НАУРЫЗ БАЗАРЫ»

Биыл Астанада Наурыз тойы жаңа форматта тойланды. Қала тұрғындары мен қонақтарына арналған әрбір мерекелік алаңда киіз үйлер тігіліп, алтыбақандар орнатылды. Ұлттық ойындар ойналып, халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүріне қатысты конкурстар ұйымдастырылды.

ЭКСПО халықаралық көрме орталығында өткен «Наурыз базары» шығыс жәрмеңкесі дүбірлі думанға толы болды. Таудың етегіндегі кең жайлаудағы қазақ ауылы іспетті безендірілген көрме алаңында еліміздің түпкір-түкпірінен және көршімемлекеттерден келген шеберлердің қолынан шыққан түрлі бұйымдарының жәрмеңкесі өтті.

«ЭКСПО алаңындағы көрме орталығының іші жылы, келушілерге қолайлы барлық жағдай жасалған. Әсіресе, балалардың асыр салып ойнап, уақытын көңілді өткізуі үшін арт бұрыштарды жасақтадық. Далада ең мықты аспаздар шығыс тағамдарының фестиваліне қатысып жатыр. Оннан астам елден келген қолөнер шеберлері «Наурыз базардың» көрігін қыздырып, сән-салтанатын асырды. Өзбекстаннан келген шеберлер керамикалық ыдыстар, әзербайжандықтар кілемдер, ирандық шеберлер қалайы мен мыстан жасалатын галамзани кәдесыйларын әкелді. Қала тұрғындары мен қонақтары жәрмеңкеден өздерін қызықтырған шетелдік бұйымдар және отандық фермерлер өндірген кәдесыйлар, азық-түлік алуына болады. Сонымен қатар ұлттық спорт түрлернен жарыстар ұйымдастырылды», – деді «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Мақсат Жаңабаев.

Этностильдегі жәрмеңкеде отандық кәсіпкерлер әкелген өнімдердің де түр-түрі көп екен. «Бір ауыл – бір өнім» деп аталған отандық өнімдер жәрмеңкесінде сабынның түрін сатып тұрған кәсіпкермен сұхбаттасқан едік. Өзін Арсена Кушжанова деп таныстырған кәсіпкер жантақ және ешкі мен түйе сүтінен емдік қасиетібар сабындар жасайтынын айтты. Экологиялық таза өнімнің құрамында химиялық қоспалар жоқ.

– «Кушжанова Арсена «Aralorganik» СМ» ЖК өндірісінде сегіз түрлі сабын шығып жатыр. Басында 11 түрлі сабын шығарғанбыз. Жантақ шөбінен жасалған сабын, өзіміз ойлап тапқан, авторлық өнім. Ал ешкі түйе сүтінен жасалған сабындар дәстүрлі әдіспен жасалады. Сабын түрлері құрамына қарай аллергияға, бактерияға қарсы, іріңді жараларды жазуға көмектеседі, теріні ылғалдандырады. Үкіметтен субсидия қарастырылған. Қызылорда облысы Атамекен палатасы басшыларының қолдауымен «Бір ауыл – бір өнім» мемлекеттік жоба аясында жергілікті өнімді өндіруді қолға алдым. Қазір Қызылорда, Астана, Павлодар Алматы өңірлерінен көтерме бағада алушылар көп, – деді жеке кәсіпкер Арсена Уланова.

Жәрмеңкеде бұдан бөлек, өз өнімдерін, жұмыстарын таныстырып, сатуға қойған отандастар өте көп. Біреуі қымыз, саумалдан жасалған балмұздағын ұсынса, тағы біреуі этностильдегі киімдердің, зергерлік бұйымдардың, керамика, металл, киіз және жібектен жасалған заттардың, кәдесыйлардың жаңа таңдаулы топтамаларының саудасын қыздыра түскен.

Көрме алаңының іші мен сырты да Наурыз думанның көркін аша түскен өнерпаздардың ән-күйімен, әсем биімен өрнектеліп, көпшілікке мерекелік көңіл сыйласа, әріректе шығыс тағамдары фестивалі ұйымдастырылып, халық Наурыз дәмінен ауыз тиіп жатты. Ұлттық спорт түрлерінен бұқаралық жарыстар өткізілді. Open space аймақтарында балалар сурет салу, қыш жасау өнері, қазақтың ұлттық аспаптарында ойнау, мүсіндеу секілді шығармашылық өнерлерін сынға салды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Наурыз базары» жәрмеңкесіне 90 мыңнан астам адам қатысқан. Ел өңірлерінің фермерлері азық-түлік жәрмеңкесінде 300 тоннадан астам өнім сатты, оның ішінде ет, көкөністер мен жемістер, бал және тағы да басқа өнімдер бар. Жәрмеңкенің үш күнінде 4,5 тонна палау, бір тонна наурыз көже және 10 мың кебаб таяқшасы дайындалды.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4427
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айхан ШӘРІП